# HP LASERJET PROFESSIONAL P1560 және P1600 принтер сериялары

# Пайдаланушы нұсқаулығы



www.hp.com/support/ljp1560series
www.hp.com/support/ljp1600series

# HP LaserJet Professional P1560 және P1600 принтер сериялары

Пайдаланушы нұсқаулығы

**Авторлық Құқық және Лицензия**

© 2011 Copyright Hewlett-Packard Development Company, L.P.

Авторлық құқық жөніндегі заңдарға сәйкес жағдайлардан басқа кезде, алдын ала жазбаша түрде алынған рұқсатсыз, көшіруге, бейімдендіруге немесе аударуға рұқсат етілмейді.

Мұнда берілген ақпарат ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтеріне берілетін кепілдіктер осындай өнімдер мен қызметтерге берілетін тікелей кепілдік жөніндегі мәлімдемелерде ғана көрсетілген. Бұл құжаттағы мәлімдемелер қосымша кепілдік ретінде қабылданбауы тиіс. HP бұл құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателер немесе кемшіліктер үшін жауап бермейді.

Бөлік нөмірі: CE663-90960

Edition 1, 3/2011

**Тауар белгісі Тізімі**

Adobe®, Acrobat® және PostScript® - Adobe Systems Корпорациясының тауар белгілері.

Intel® Core™ - АҚШ пен басқа ел/аймақтардағы Intel корпорациясының сауда белгісі.

Microsoft®, Windows®, Windows® XP және Windows Vista® — Microsoft корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

ENERGY STAR (Қуат үнемдеу) және ENERGY STAR (Қуат үнемдеу) белгісі тіркелген АҚШ белгілері болып табылады.

## Осы нұсқаулықта пайдаланылған шартты белгілер

**КЕҢЕС:** Кеңестер пайдалы кеңестермен немесе сілтемелермен қамтамасыз етеді.

**ЕСКЕРІМ:** Ескертулер ұғымды түсіндіру немесе тапсырманы аяқтау үшін маңызды ақпаратпен қамтамасыз етеді.

**ЕСКЕРТУ:** «Ескерту» хабарлары деректердің жоғалуына немесе өнімді зақымдауға жол бермеу үшін ұсынылатын іс рәсімдерін көрсетеді.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** «Абай болыңыз» хабарлары адамның жарақаттануына, деректердің жоғалуына немесе өнім зақымдануына жол бермеу үшін ұсынылатын іс рәсімдері туралы ескертеді.

# Мазмұны

**1 Өнімнің негізгі сипаттамалары ..... 1**

Өнімді салыстыру ..... 2

Қоршаған ортаның мүмкіндіктері ..... 3

Өнім мүмкіндіктері ..... 4

Өнім көріністері ..... 6

Алдыңғы және сол жақ көрінісі ..... 6

Артқы көрінісі ..... 7

Сериялық нөмір мен модель нөмірінің орны ..... 7

Басқару тақтасының орналасуы ..... 8

**2 Windows жүйесіне арналған бағдарламалық құралдар ..... 9**

Windows жүйесінде қолданылатын операциялық жүйелер ..... 10

Windows жүйесіне қолданылатын принтер драйверлері ..... 11

Windows жүйесіне арналған дұрыс принтер драйверін таңдаңыз ..... 12

HP Әмбебап Принтер Драйвері (UPD) ..... 12

Баспа параметрлерінің басымдықтары ..... 13

Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту ..... 14

Windows бағдарламалық құралын жою ..... 15

Windows бағдарламалық құралын жою үшін жою утилитасын пайдалану ..... 15

Бағдарламалық құралдарды жою үшін Windows басқару тақтасын пайдалану ..... 15

Windows жүйесінде қолданылатын утилиталар ..... 16

HP Web Jetadmin ..... 16

HP енгізілген веб-сервері ..... 16

**3 Өнімді Mac жүйесімен пайдалану ..... 17**

Mac жүйесіне арналған бағдарламалық құралдар ..... 18

Macintosh арналған қолдаулы операциялық жүйелер ..... 18

Macintosh жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері ..... 18

Mac жүйесіне арналған бағдарламаны жою ..... 18

Mac жүйесіне арналған басып шығару параметрлерінің басымдығы ..... 18

Macintosh жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту ........... 19
Mac жүйесіне арналған бағдарламалық құралдар ........... 19
Mac жүйесіне арналған HP принтерінің утилитасы ........... 19
Mac жүйесінде қолданылатын утилиталар ........... 20
HP енгізілген веб-сервері ........... 20
Mac жүйесімен басып шығару ........... 21
Macintosh жүйесінде баспаның алдын ала орнатпаларын құру және пайдалану ..... 21
Құжаттарды немесе баспаларды әдеттегі парақ мөлшеріне өзгерту ........... 21
Мұқабаны басып шығару ........... 22
Macintosh жүйесінде бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару ........... 22
Mac жүйесімен екі жағына басып шығару (дуплекс) ........... 23
Автоматты ........... 23
Қолмен ........... 23

**4 Өнімді жалғау ........... 25**
Қолданылатын желілік операциялық жүйелер ........... 26
Принтер ортақтасқан дисклеймері ........... 26
USB арқылы қосылу ........... 27
Өнімді HP Smart Install бағдарламалық құралымен орнату ........... 27
Ықшам дискіден орнату ........... 27
Желіге қосылу ........... 28
Қолданылатын желілік протоколдар ........... 28
Өнімді сымды желіде орнату ........... 28
Желі параметрлерін реттеу ........... 29
Желі параметрлерін көру немесе өзгерту ........... 29
Желілік кілтсөзді орнату немесе өзгерту ........... 30
IP адресі ........... 30
Байланыс жылдамдықтары және дуплекстеу параметрлері ........... 30

**5 Қағаз және баспа медиасы ........... 31**
Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы ........... 32
Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар ........... 33
Баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту ........... 35
Қолданылатын қағаз өлшемдері ........... 36
Қолданылатын қағаз түрлері ........... 38
Науа және қалта сыйымдылығы ........... 39
Науаларға қағаз салу ........... 40
Бірінші кезекті кіріс ұясы ........... 40

Негізгі кіріс науасы ..... 40
Науаларды толтыру барысындағы қағаз бағдары ..... 40

**6 Баспа тапсырмалары ..... 43**

Баспа тапсырмасын тоқтату ..... 44
Ағымдағы баспа тапсырмасын басқару тақтасынан тоқтату ..... 44
Ағымдағы баспа тапсырмасын бағдарламалық құралдан тоқтату ..... 44
Windows жүйесімен басып шығару ..... 45
Windows принтер драйверін ашу ..... 45
Windows жүйесімен басып шығару параметріне қатысты анықтама алу ..... 45
Windows жүйесімен баспа көшірмелерінің санын өзгерту ..... 45
Windows жүйесімен түрлі түсті мәтінді қара етіп басып шығару ..... 45
Windows жүйесімен қайта пайдалануға арнайы баспа параметрлерін сақтау ..... 46
Жылдам баспа орнатымын пайдалану ..... 46
Арнайы басып шығарудың жылдам орнатымын жасау ..... 46
Windows жүйесімен баспа сапасын жақсарту ..... 46
Қағаз көлемін таңдай аламын ..... 46
Бейімделген қағаз көлемін таңдай аламын ..... 46
Қағаз түрін таңдаңыз ..... 47
Баспа ажыратымдылығын таңдау ..... 47
Бірінші немесе соңғы бетті басқа қағазға Windows жүйесімен басып шығару ..... 47
Windows жүйесімен бет өлшемін сәйкестендіру үшін құжатты кеңейту ..... 47
Сутаңбаны құжатқа Windows жүйесімен қосу ..... 48
Windows жүйесімен екі жағына басып шығару (дуплекс) ..... 48
Автоматты ..... 48
Қолмен ..... 49
Windows кітапшасын жасау ..... 50
Windows жүйесімен әр параққа бірнеше бетті басып шығару ..... 50
Беттің бағытын Windows жүйесімен таңдау ..... 51
HP ePrint қызметін пайдалану ..... 51
HP Cloud Print технологиясын пайдалану ..... 51
AirPrint технологиясын пайдалану ..... 53

**7 Басқару және күту ..... 55**

Ақпараттық беттерді басып шығару ..... 56
Конфигурациялау беті ..... 56
Жабдықтар күйі беті ..... 56
Көрсету беті ..... 57
HP енгізілген веб-серверін пайдалану ..... 58
Енгізілген веб-серверді ашу ..... 58

Енгізілген веб-сервер бөлімдері ..... 59
Ақпарат жиекбелгісі ..... 59
Параметрлер жиекбелгісі ..... 59
Желіге қосылу жиекбелгісі ..... 59
HP Smart Install жиекбелгісі ..... 59
Сілтемелер ..... 59
Үнемдеу параметрлері ..... 61
Үнемдеу Режимі ..... 61
Auto-Off (автоматты өшіру) режимі ..... 61
Дыбыссыз режим параметрлері ..... 63
Жабдықтар мен керек-жарақтарды басқару ..... 64
Баспа картриджін басқару ..... 64
Басып шығару картриджін сақтау ..... 64
HP -емес баспа картридждеріне қатысты HP саясаты ..... 64
алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі және Web-сайты ..... 64
Жабдықтарды қайта пайдалану ..... 64
Ауыстыру жөніндегі нұсқаулар ..... 65
Тонерді қайта үлестіру ..... 65
Баспа картриджін ауыстыру ..... 66
Желімді білікті ауыстыру ..... 68
Ажырату тақтасын ауыстыру ..... 71
Өнімді тазалау ..... 74
Тартушы роликті тазалаңыз ..... 74
Қағаз жолын тазалау ..... 75
Картридждің айналасын тазалаңыз ..... 75
Сыртын тазалаңыз ..... 77
Өнімді жаңарту ..... 78
Енгізілген бағдарламаны жаңарту ..... 78

**8 Мәселелерді шешу ..... 79**
Жалпы ақаулықтарды түзету ..... 80
Ақаулықтарды түзетуге арналған тексеру тізімі ..... 80
Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар ..... 81
Зауыттық параметрлерді қайтару ..... 83
Басқару тақтасындағы жарық үлгілері ..... 84
Кептелістерді тазалау ..... 89
Кептелудің әдеттегі себептері ..... 89
Кептелу орындары ..... 89
Кіріс науасындағы кептелістерді тазалау ..... 90

Қосымша дуплекстеушіден кептелген қағазды шығару ... 92
Шығару аумақтарын кептелуден тазалау ... 94
Өнімнің ішіндегі кептелістерді тазалау ... 95
Қайталанатын кептелулерді шешу ... 97
Кептелуді тазалау параметрін өзгерту ... 98
Қағазды қолдануға қатысты мәселелерді шешу ... 99
Сурет сапасына қатысты мәселелерді шешу ... 101
Сурет ақаулықтарының мысалдары ... 101
Басылған бейне ашық немесе өңсіз шығады ... 101
Тонер нүктелері ... 101
Беттің кейбір жерлеріне бейне басылмаған ... 102
Тік сызықтар ... 102
Беттің фоны сұр болып шығады ... 102
Тонер айғыздалып шығады ... 103
Бос тонер ... 103
Қайталанатын тік ақаулар ... 103
Таңбалар дұрыс қалыптаспаған ... 104
Бет қисық шығады ... 104
Парақ бұралып немесе толқынданып шығады ... 104
Умаждалу немесе бүгілу ... 105
Таңбаның айналасына тонер шашырап шығады ... 105
Ылғалдылық ... 106
Суреттің сапасын оңтайландыру және жақсарту ... 107
Баспа тығыздығын өзгерту ... 107
Өнімділік ақаулықтарын түзету ... 108
Қосылу ақаулықтарын түзету ... 109
Тікелей жалғау ақаулықтарын түзету ... 109
Желілік ақаулықтарды түзету ... 109
Өнімнің бағдарламалық құралына қатысты мәселелерді шешу ... 111
Жалпы кездесетін Windows жүйесіндегі мәселелер ... 111
Macintosh ақаулықтарын түзету ... 112

**Қосымша а Жабдықтар мен қосымша керек-жарақтар ... 115**
Бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру ... 116
Бөлшектердің нөмірлері ... 117
Парақтармен жұмыс істейтін құралдар ... 117
Баспа картридждері ... 117
Кабельдер мен интерфейстер ... 117

**Қосымша ә Қызмет және қолдау ..... 119**
Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі ..... 120
HP компаниясының Жоғары қорғау кепілдігі: LaserJet баспа картриджіне шектеулі кепілдік беру туралы мәлімдемесі ..... 122
Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі ..... 123
Пайдаланушының орындайтын жөндеудің кепілдік қызметі ..... 126
Тұтынушыларды қолдау ..... 127
Өнімді қайта орамау ..... 128

**Қосымша б Ерекшеліктер ..... 129**
Физикалық ерекшеліктері ..... 130
Энергияны тұтыну, электрлік сипаттамалары және дыбыс бөлуі ..... 131
Қоршаған ортаның ерекшеліктері ..... 131

**Қосымша в Нормативтік ақпарат ..... 133**
FCC ережелері ..... 134
Қоршаған ортаны бақылау бағдарламасы ..... 135
Қоршаған ортаны қорғау ..... 135
Озон өндіру ..... 135
Тұтынылатын қуат ..... 135
Тонерді пайдалану ..... 135
Қағаз пайдалану ..... 135
Пластмасса ..... 135
HP LaserJet принтерінің жабдықтары ..... 136
Қайтару және қайта пайдалану туралы ақпарат ..... 136
Америка Құрама Штаттары мен Пуэрто-Рико ..... 136
Көптік қайтарылымдар (бір картриджден көп) ..... 136
Бір ғана картриджді қайтару ..... 137
Тасымалдау ..... 137
А.Қ.Ш. тыс қайтарылымдар ..... 137
Қағаз ..... 137
Материалдарға қойылатын шектеулер ..... 137
Еуропа Одағы аумағындағы жеке үйлерде тұратын пайдаланушылардың жабдық қалдықтарын тастауы ..... 138
Химиялық заттар ..... 138
Материалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтер парағы (MSDS) ..... 138
Қосымша ақпарат алу үшін ..... 138
Сәйкестік декларациясы ..... 139
Қауіпсіздік мәлімдемелері ..... 140
Лазерлік қауіпсіздік ..... 140

Канада Сауда Министрлігінің ережелері ........ 140
Кедергілер жөніндегі жапондық ерікті бақылау кеңесінің мәлімдемесі (Жапония) ........ 140
Электр сымына арналған нұсқаулар ........ 140
Электр сымы жөніндегі мәлімдеме (Жапония) ........ 141
EMC мәлімдемесі (Корея) ........ 141
Финляндия үшін лазерлік қауіпсіздік жөніндегі мәлімдеме ........ 142
GS мәлімдемесі (Германия) ........ 142
Заттар кестесі (Қытай) ........ 143
Қауіпті заттар мәлімдемесіндегі шектеулер (Түркия) ........ 143

**Индекс ........ 145**

# 1 Өнімнің негізгі сипаттамалары


- Өнімді салыстыру
- Қоршаған ортаның мүмкіндіктері
- Өнім мүмкіндіктері
- Өнім көріністері

# Өнімді салыстыру

| HP LaserJet Professional P1560 принтер сериясы | HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы |
|---|---|
|  |  |
| • **Жылдамдығы**: 22 A4 бет/мин, 23 хат өлшеміндегі бет/мин<br>• **Науалар**: Бірінші кезекті салу науасы (10 парақтық) және негізгі салу науасы (250 парақтық)<br>• **Шығыс қалтасы**: 125 парақ<br>• **Қосылу мүмкіндігі**: Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты<br>• **Екі жағына басып шығару**: Қолмен дуплекстеу (принтердің драйвері мен басқару тақтасындағы өту түймесі арқылы) | • **Жылдамдығы**: 25 A4 бет/мин, 26 хат өлшеміндегі бет/мин<br>• **Науалар**: Бірінші кезекті салу науасы (10 парақтық) және негізгі салу науасы (250 парақтық)<br>• **Шығыс қалтасы**: 125 парақ<br>• **Қосылу мүмкіндігі**: Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты және ендірілген желі<br>• **Екі жағына басып шығару**: Автоматты дуплекстеу |

# Қоршаған ортаның мүмкіндіктері

| | |
|---|---|
| ДУПЛЕКС | Қағазды стандартты басып шығару параметрлері ретінде дуплексті басып шығаруды пайдалана отырып сақтаңыз.<br><br>● HP LaserJet Professional P1560 принтер сериясы қолмен дуплекстеуді қолдайды.<br><br>● HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы автоматты және қолмен дуплекстеуді қолдайды. |
| қайта пайдалану | Қалпына келтірілген қағазды пайдалану арқылы шығынды азайтыңыз.<br><br>HP компаниясының қайтару үрдісін қолданып, баспа картридждерін қайта пайдаланыңыз. |
| Энергия үнемдері | Өнімдегі автосөну режимін іске қосу арқылы қуатты үнемдеңіз. |
| HP Smart Web Printing | Бірнеше веб-беттерден мәтінді және суреттерді таңдау, сақтау және реттеу үшін HP Smart Web Printing құралын пайдаланып, экраннан көргеніңізді өңдеңіз, сосын басып шығарыңыз. Ол қалдықты азайтып, мәнді ақпаратты басып шығаруға қажетті бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.<br><br>HP Smart Web Printing құралын мына веб-беттен жүктеңіз: www.hp.com/go/smartweb. |

# Өнім мүмкіндіктері

| Пайда | Қолдау мүмкіндіктері |
|---|---|
| **Баспа сапасы** | • Шынайы HP баспа картриджі.<br>• True 600 x 600 д/н мәтін және сызбалар.<br>• FastRes (1200 д/н).<br>• Баспа сапасын оңтайландырудың реттелмелі параметрлері. |
| **Қолданылатын операциялық жүйелер** | • Windows 7 (32 биттік және 64 биттік)<br>• Windows Vista (32 биттік және 64 биттік)<br>• Windows XP (32 биттік және 64 биттік)<br>• Windows Server 2008 (32 биттік және 64 биттік)<br>• Windows Server 2003 (32 биттік және 64 биттік)<br>• Mac OS X v10.4, v10.5, v10.6 |
| **Пайдалануға оңай** | • HP Smart Install мүмкіндігі өнім мен компьютерді USB кабелімен жалғағанда өнімнің бағдарламалық құралын орнатады.<br>• Түпнұсқа HP баспа картриджі оңай орнатылады.<br>• Баспа картриджінің есігі арқылы баспа картриджіне және қағаз жолына ыңғайлы қол жеткізу.<br>• Қағаз науасын бір қолмен дұрыстауға болады. |
| **Бейімделгіш қағаз әперу** | • Бланкке, хатқалталарға, жапсырмаларға, мөлдір қағаздарға, таңдаулы өлшемі бар баспа құралына, ашықхаттарға және тығыз қағаздарға арналған негізгі кіріс науасы.<br>• Бланкке, хатқалтаға, жапсырмаларға, мөлдір қағаздарға, таңдаулы өлшемі бар баспа құралына, ашықхаттарға және тығыз қағаздарға арналған бірінші кезекті кіріс ұясы.<br>• 125 парақтық жоғарғы шығару науасы.<br>• Екі жағына басып шығару<br>◦ **HP LaserJet Professional P1560 принтер сериясы**: Қолмен дуплекстеу.<br>◦ **HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы**: Автоматты дуплекстеу. |
| **Интерфейстік байланыстар** | • Жоғары жылдамдықты USB 2.0 порты<br>• 10/100Base-T желісіне қосылу үшін ендірілген ішкі баспа сервері (тек желілік модельдер үшін). |
| **Қуат үнемдеу** | • Басып шығармаған кезде, өнім қуаттың тұтынылуын айтарлықтай азайта отырып оны автоматты түрде үнемдейді. |

| Пайда | Қолдау мүмкіндіктері |
|---|---|
| **Үнемді баспа** | • N-up басып шығару (бір параққа бірнеше бетті басып шығару) және қолмен екі жағына басып шығару мүмкіндіктері қағазды үнемдейді.<br>• Үнемдеу режимі (тонерді үнемдеуі мүмкін). |
| **Қамсыздандыру құралдары** | • Баспа картриджі мен жабдықтар күйі бетінде шамамен қалған жабдықтардың күйі көрсетіледі. HP шығармаған жабдықтарға қолданылмайды.<br>• Шынайы HP баспа картридждерін растау.<br>• Ауыстырылатын қамсыздандыру құралдарына оңай тапсырыс беру. |
| **Қол жетімділік** | • Желідегі пайдаланушы нұсқаулығы мәтіндік экрандағы оқу бағдарламаларымен үйлесімді.<br>• Барлық есіктер мен қақпақтарды бір қолмен ашуға болады. |
| **Қауіпсіздік** | • Өнімнің артындағы Kensington құлып ұясы. |

# Өнім көріністері

## Алдыңғы және сол жақ көрінісі

**Сурет 1-1** HP LaserJet Professional P1560 және P1600 принтер сериялары




| | |
|---|---|
| **1** | Шығару науасы |
| **2** | Шығыс науа кеңейтілімі |
| **3** | Бірінші кезекті кіріс ұясы |
| **4** | Негізгі кіріс науасы |
| **5** | Қосу түймесі |
| **6** | Картридж есігін көтеру құлағы |
| **7** | Басқару тақтасы |

## Артқы көрінісі

**Сурет 1-2** HP LaserJet Professional P1560 және P1600 принтер сериялары




| | |
|---|---|
| **1** | USB порты<br><br>HP ішкі желі порты (тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы сериясында) |
| **2** | Қуат розеткасы |
| **3** | Kensington құлпы |
| **4** | Дуплексер және артқы кептеліске қол жеткізу есігі (тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы үшін) |

## Сериялық нөмір мен модель нөмірінің орны

Өнімнің нөмірі мен сериялық нөмірді қамтитын жапсырма өнімнің артында орналасқан.



## Басқару тақтасының орналасуы

Басқару тақтасында төрт шам мен екі түйме бар.

**ЕСКЕРІМ:** Шамның жану үлгілерінің мағыналарының сипаттамасын Басқару тақтасындағы жарық үлгілері 84-бетте қараңыз.

**Сурет 1-3** HP LaserJet Professional P1560 және P1600 принтер сериялары принтердің басқару тақтасы




| | |
|---|---|
| 1 | Тонер шамы : Баспа картриджі азайғанда, тонер шамы жанады. Өнімдегі баспа картриджі таусылғанда, тонер шамы жыпылықтайды. |
| 2 | Ескерту шамы : Баспа картриджінің ашық екенін немесе басқа қателердің бар екенін көрсетеді. |
| 3 | Дайындық шамы : Өнім басып шығаруға дайын болғанда, «Дайын» шамы жанады. Өнім деректерді өңдегенде, «Дайын» шамы жыпылықтайды. |
| 4 | Бастау шамы : Қайталанбалы қате бар екендігін көрсетеді (ескерту шамымен бірге). |
| 5 | Бастау түймесі : Реттеу парағын басып шығару үшін, «бастау» түймесін басып тұрыңыз, содан кейін «дайын» шамы жыпылықтаған кезде түймені босатыңыз. Көрсету бетін басып шығару үшін, «бастау» түймесін басып, босатыңыз. «Бастау» жарығы жыпылықтап тұрғанда, басып шығаруды жалғастыру үшін «бастау» түймесін басыңыз. |
| 6 | Бас тарту түймесі: Басып шығару тапсырмасынан бас тарту үшін «бас тарту» түймесін басыңыз. |

# 2 Windows жүйесіне арналған бағдарламалық құралдар


- Windows жүйесінде қолданылатын операциялық жүйелер
- Windows жүйесіне қолданылатын принтер драйверлері
- Windows жүйесіне арналған дұрыс принтер драйверін таңдаңыз
- Баспа параметрлерінің басымдықтары
- Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту
- Windows бағдарламалық құралын жою
- Windows жүйесінде қолданылатын утилиталар

# Windows жүйесінде қолданылатын операциялық жүйелер

Өнім мына Windows® операциялық жүйелеріне арналған бағдарламалық құралдармен бірге келеді:

- Windows 7 (32 биттік және 64 биттік)
- Windows Vista (32 биттік және 64 биттік)
- Windows XP (32 биттік және 64 биттік)
- Windows Server 2008 (32 биттік және 64 биттік)
- Windows Server 2003 (32 биттік және 64 биттік)

  Windows 2000 Server нұсқасынан Windows Server 2003 нұсқасына жаңарту, Windows Server 2003 Point and Print немесе Windows Server 2003 Terminal Services and Printing бағдарламасын пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін http://www.microsoft.com сайтына өтіңіз.

# Windows жүйесіне қолданылатын принтер драйверлері

Өнім Windows арналған және компьютерге принтермен байланысу мүмкіндігін беретін бағдарламалық құралмен жеткізіледі. Осы бағдарламалық құрал принтер драйвері деп аталады. Принтер драйверлері бейімделген өлшемді қағазға басып шығару, құжат өлшемін өзгерту және су белгілерін қосу сияқты өнім мүмкіншіліктерін пайдалану мүмкіндігін береді.

**ЕСКЕРІМ:** Ең соңғы драйверлерді www.hp.com/support/ljp1560series немесе www.hp.com/support/ljp1600series сайтынан алуға болады.

HP Smart Install орындалған кезде немесе өнімнің ықшам дискісінен орнатылатын принтер драйверлерінен басқа, вебтен мына принтер драйверлерін жүктеп алуға болады:

- Windows жүйесіне арналған PCL 5 Әмбебап баспа драйвері (HP UPD PCL 5) (тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы үшін)
- XPS (XML қағаз сипаттары) драйвері

**ЕСКЕРІМ:** UPD туралы көбірек ақпарат алу үшін www.hp.com/go/upd қараңыз.

# Windows жүйесіне арналған дұрыс принтер драйверін таңдаңыз

**ЕСКЕРІМ:** Тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы HP Әмбебап баспа драйверін қолдайды.

Мүмкіндігінше HP Smart Install орындалған кезде немесе өнімнің ықшам дискісінен орнатылатын принтер драйверлерін пайдаланыңыз. UPD принтер драйвері қосылқы принтер драйвері болып табылады.

## HP Әмбебап Принтер Драйвері (UPD)

**ЕСКЕРІМ:** HP UPD драйверін пайдалану үшін, өнімнің HP Smart Install мүмкіндігін сөндіруіңіз керек.

Windows арналған HP Әмбебап Принтер Драйвері (UPD) жалғыз драйвер болып табылады әрі ол жекелеген драйверлерді жүктеместен кез келген жерден кез келген HP LaserJet өніміне виртуалды кіру мүмкіндігін береді. Бұл дәлелденген HP принтер драйверінің технологиясына негізделген және ол егжей-тегжейлі тестіленген және көптеген бағдарламалық құралдармен қолданылады. Бұл өте күшті шешім әрі ол уақыт өткен сайын бір текті орындалады.

HP UPD әрбір HP өнімімен тікелей байланыстырады, конфигурация ақпаратын жинайды және содан кейін өнімнің ерекшелігін, қолдағы мүмкіндіктерін көрсету үшін пайдаланушының интерфейсін сәйкестендіреді. Екі жақты басу және степлерлеу сияқты өнімдер үшін мүмкіндіктерді автоматты түрде енгізеді, сондықтан Сізге оларды қолмен енгізуге тура келмейді.

Көбірек ақпарат алу үшін www.hp.com/go/upd бетіне өтіңіз.

# Баспа параметрлерінің басымдықтары

Баспа параметрлеріне енгізілетін өзгерістердің басымдықтары өзгерістердің енетін жерлеріне қарай белгіленеді:

**ЕСКЕРІМ:** Командалар мен диалог терезелерінің атаулары сіздегі бағдарламалық құралдың түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

- **Page Setup (Бет параметрлері) диалог терезесі**: Осы диалог терезесін ашу үшін сіз жұмыс істеп отырған бағдарламаның **File** (Файл) мәзірінен **Page Setup** (Бет параметрлері) немесе оған ұқсас бір команданы басыңыз. Осы жерде өзгертілген параметрлер кез келген басқа жерде өзгертілген параметрлердің күшін жояды.
- **Print dialog box** (Баспа диалог терезесі): Осы диалог терезесін ашу үшін жұмыс істеп отырған бағдарламаның **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару), **Print Setup** (Баспа баптаулары) немесе ұқсас пәрменін таңдаңыз. **Print** (Басып шығару) диалог терезесінде өзгертілген параметрлер басымдығы төмен **Page Setup** (Бет баптаулары) диалог терезесінде енгізілген өзгертулердің орнын баспайды.
- **Printer Properties dialog box (printer driver)** (Принтер сипаттары диалог терезесі (принтер драйвері)): Принтер драйверін ашу үшін **Print** (Басып шығару) диалог терезесінен **Properties** (Қасиеттер) тармағын таңдаңыз. **Printer Properties** (Принтер сипаттары) диалог терезесінде өзгертілген параметрлер әдетте принтердің бағдарламалық құралының ешбір жеріндегі параметрлердің орнын баспайды. Мұнда көптеген баспа параметрлерін өзгертуіңізге болады.
- **Әдепкі принтер драйверінің параметрлері**: Әдепкі принтер драйверінің параметрлерінде **Page Setup** (Бет параметрлері), **Print** (Басып шығару) немесе **Printer Properties** (Принтердің қасиеттері) диалог терезелерінде өзгертілген параметрлерден *басқа* барлық баспа тапсырмаларында қолданылатын параметрлер анықталады.

# Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту

| Бағдарламалық құрал жабылғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту | Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту | Өнім конфигурациясының параметрлерін өзгерту |
| --- | --- | --- |
| 1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығаруды) таңдаңыз.<br><br>2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттері) немесе **Preferences** (Таңдауларды) басыңыз.<br><br>Адымдар өзгеріп отыруы мүмкін; сипатталған процедура ең тараған болып табылады. | 1. **Windows XP, Windows Server 2003 және Windows Server 2008 (стандартты Бастау мәзірінің көрінісін пайдалану)**: **Start** (Бастау) батырмасын, одан соң **Printers and Faxes** (Принтерлер мен факстар) батырмасын басыңыз.<br><br>**–немесе–**<br><br>**Windows XP, Windows Server 2003 және Windows Server 2008 (классикалық «Бастау» мәзірі арқылы)**: **Бастау** түймесін басып, **Параметрлер**, содан кейін **Принтерлер** тармағын таңдаңыз.<br><br>**–немесе–**<br><br>**Windows Vista және Windows 7**: **Бастау** түймесін басып, **Басқару тақтасы**, содан кейін **Аппараттық құрал және дыбыс** санатынан **Принтер** тармағын таңдаңыз.<br><br>2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін **Printing Preferences** (Басып шығару Таңдаулары) мәзірін таңдаңыз. | 1. **Windows XP, Windows Server 2003 және Windows Server 2008 (стандартты Бастау мәзірінің көрінісін пайдалану)**: **Start** (Бастау) батырмасын, одан соң **Printers and Faxes** (Принтерлер мен факстар) батырмасын басыңыз.<br><br>**–немесе–**<br><br>**Windows XP, Windows Server 2003 және Windows Server 2008 (классикалық «Бастау» мәзірі арқылы)**: **Бастау** түймесін басып, **Параметрлер**, содан кейін **Принтердер** тармағын таңдаңыз.<br><br>**–немесе–**<br><br>**Windows Vista және Windows 7**: **Бастау** түймесін басып, **Басқару тақтасы**, содан кейін **Аппараттық құрал және дыбыс** санатынан **Принтер** тармағын таңдаңыз.<br><br>2. Драйвер белгішесіне келтіріп, оң жақ батырманы басыңыз және одан кейін **Properties** (Таңдаулылар) мәзірін таңдаңыз.<br><br>3. **Device Settings** (Құрал Параметрлері) жиекбелгісін таңдаңыз. |

# Windows бағдарламалық құралын жою

## Windows бағдарламалық құралын жою үшін жою утилитасын пайдалану

1. **Start** (Бастау) батырмасын басып, одан кейін **All Programs** (Барлық Бағдарламалар) шертіңіз.
2. **HP** ашып, одан кейін **HP LaserJet Professional P1560 және P1600 принтер** басыңыз.
3. Бағдарламалық құралды өшіру үшін **Uninstall** (Жою) батырмасын басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Бағдарламалық құралдарды жою үшін Windows басқару тақтасын пайдалану

### Windows XP

1. **Start** (Бастау) түймесін басып, **Control Panel** (Басқару тақтасы), содан кейін **Add or Remove Programs** (Бағдарламаларды қосу немесе жою) тармақтарын таңдаңыз.
2. Өнімді тізімнен тауып, таңдаңыз.
3. Бағдарламалық құралдарды жою үшін **Change/Remove** (Өзгерту/Жою) түймесін басыңыз.

### Windows Vista және Windows 7

1. **Start** (Бастау) түймесін басып, **Control Panel** (Басқару тақтасы), содан кейін **Programs and Features** (Бағдарламалар мен мүмкіндіктер) тармақтарын таңдаңыз.
2. Өнімді тізімнен тауып, таңдаңыз.
3. **Uninstall/Change** (Жою/Өзгерту) опциясын таңдаңыз.

# Windows жүйесінде қолданылатын утилиталар

**ЕСКЕРІМ:** Тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы Windows утилиталарын қолдайды.

## HP Web Jetadmin

HP Web Jetadmin - өнімді пайдалануды оңтайландыруға, түс бағаларын реттеуге, өнімдерді қауіпсіздендіруге және жабдықтарды басқару жүйесін жаңалауға қашықтық конфигурациясын, белсенді бақылауды, қауіпсіздік ақауларын жоюды және басып шығарушы мен бейнелеуші өнімдердің есебін қосу арқылы көмектесетін қарапайым баспа және бейнелеуші периферийлі басқару бағдарламалық құралы.

HP Web Jetadmin ақымды нұсқасы мен қолдаулы хост жүйелерінің ең соңғы тізімін жүктеу үшін www.hp.com/go/webjetadmin сайтына кіріңіз.

Хост серверіне орнатылғанда Windows клиенті HP Web Jetadmin хостын шарлау арқылы қолдаулы веб шолушысын (Microsoft® Internet Explorer сияқты) пайдалана отырып, HP Web Jetadmin жүйесіне кіре алады.

## HP енгізілген веб-сервері

**ЕСКЕРІМ:** Тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы HP енгізілген веб-серверді қолдайды.

Өнім өнім және желі әрекеттері туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін енгізілген веб-сервермен жабдықталған. Бұл ақпарат Microsoft Internet Explorer, Apple Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышқа шығады.

Енгізілген веб сервері өнімде орналасқан. Ол желілік серверге жүктелмеген.

Енгізілген веб сервері желіге қосылған кез келген компьютері бар және стандартты веб шолушысы пайдалана алатын өнімді интерфейспен қамтамасыз етеді. Ешқандай арнайы бағдарламалық құрал орнатылмаған немесе конфигурацияланбаған, бірақ Сіздің компьютеріңізде қолдаулы Веб браузер болуы тиіс. Енгізілген веб серверіне ену үшіншолушының мекенжай жолына өнімнің IP мекенжайын теріңіз. (IP мекенжайын табу үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Конфигурациялау бетін басып шығару жөніндегі толығырақ ақпаратты Ақпараттық беттерді басып шығару 56-бетте ішінен қараңыз.)

Енгізілген Веб сервердің мүмкіншіліктері мен қызметтерін толық түсіну үшін Енгізілген веб-сервер бөлімдері 59-бетте қараңыз.

# 3 Өнімді Mac жүйесімен пайдалану


- Mac жүйесіне арналған бағдарламалық құралдар
- Mac жүйесімен басып шығару

# Mac жүйесіне арналған бағдарламалық құралдар

## Macintosh арналған қолдаулы операциялық жүйелер

Өнім Macintosh операциялық жүйелерінің келесілерін қолдайды:

- Mac OS X v10.4, v10.5 және v10.6

**ЕСКЕРІМ:** PPC және Intel® Core™ процессорлары қолданылады.

## Macintosh жүйесіне арналған қолдаулы принтер драйверлері

HP LaserJet орнату бағдарламасы PostScript® Printer Description (PPD) файлдарымен, CUPS драйверімен және Mac OS X нұсқасына арналған HP принтер утилиталарымен қамтамасыз етеді. HP принтерінің PPD файлы CUPS драйверімен бірге толық басып шығару функцияларымен қамтамасыз етіп, арнайы HP принтер мүмкіндіктеріне қатынатады.

## Mac жүйесіне арналған бағдарламаны жою

Бағдарламаны жою үшін жою утилитасын пайдаланыңыз.

1. Келесі қалтаны шолыңыз:

   `Library/Printers/hp/laserjet/P1100_P1560_P1600Series/`

2. **HP Uninstaller.app** файлын екі рет басыңыз.

3. **Жалғастыру** түймесін басып, бағдарламаны жою үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Mac жүйесіне арналған басып шығару параметрлерінің басымдығы

Баспа баптауларындағы өзгертулер өздеріне жасалағанына қарай басымды болады:

**ЕСКЕРІМ:** Командалар мен диалог терезелерінің атаулары бағдарламалық құралыңызға тәуелді түрде өзгешеленуі мүмкін.

- **Бет Орнатпасы диалог терезесі**: Осы диалог терезесін ашу үшін **Page Setup** (Бет Орнатпалары) немесе баламалы командасын өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламаңыздың **File** (Файл) мәзірінен таңдаңыз. Осы жерде өзгертілген баптаулар кез келген өзге жердегі баптаулардың орнын басады.

- **Баспа диалог терезесі**: Осы диалог терезесін ашу үшін **Print** (Басып шығару), **Print Setup** (Баспа Орнатпалары) немесе баламалы командасын өзіңіз жұмыс істеп отырған бағдарламаңыздың **File** (Файл) мәзірінен таңдаңыз. **Print** (Басып шығару) диалог терезесінде өзгертілген баптаулар басымдылығы төмен болып табылады және өзгертулердің орнын *баспайды* **Page Setup** (Бет орнатпалары) диалог терезесіндегі.

- **Принтер драйверінің әдепкі параметрлері**: Параметрлер  **Бет параметрі** немесе **Басып шығару** диалогтық терезесінде өзгертілгенше, принтер драйверінің әдепкі параметрлері барлық басып шығару тапсырмаларында пайдаланылатын параметрлерді анықтайды.

# **Macintosh** жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту

| Бағдарламалық құрал жабылғанша принтердің барлық тапсырмаларының параметрлерін өзгерту | Принтердің барлық тапсырмаларының стандартты параметрлерін өзгерту | Өнім конфигурациясының параметрлерін өзгерту |
|---|---|---|
| 1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығаруды) таңдаңыз.<br><br>2. Өзіңіз қалаған параметрлерді түрлі жайылмалы мәзірлерде өзгертіңіз. | 1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығаруды) таңдаңыз.<br><br>2. Өзіңіз қалаған параметрлерді түрлі жайылмалы мәзірлерде өзгертіңіз.<br><br>3. **Presets** (Алдын-ала орнатулар) жайылмалы мәзірінен **Save as** (Түрінде сақтау) таңдап, алдын-ала орнату атауын теріңіз.<br><br>Бұл параметрлер **Presets** (Алдын-ала орнатулар) мәзірінде сақталды. Жаңа параметрлерді пайдалану үшін Сіз сақталған алдын-ала орнату опцияларын бағдарламаны ашып, басып шығарған сайын таңдап отыруыңыз тиіс. | **Mac OS X v10.4**<br><br>1. Apple мәзірінен **System Preferences** (Жүйе артықшылықтары) және содан кейін **Print & Fax** (Басу және Факс) таңдаңыз.<br><br>2. **Printer Setup** (Баспа орнатпалары) батырмасын басыңыз.<br><br>3. **Installable Options** (Орнатылатын Опциялар) мәзірін таңдаңыз.<br><br>**Mac OS X v10.5 және v10.6**<br><br>1. Apple мәзірінен **System Preferences** (Жүйе артықшылықтары) және содан кейін **Print & Fax** (Басу және Факс) таңдаңыз.<br><br>2. **Options & Supplies** (Параметрлер мен материалдар) батырмасын басыңыз.<br><br>3. **Driver** (Драйвер) мәзірін таңдаңыз.<br><br>4. Тізімнен драйверді таңдаңыз жән орнатылатын опцияларды таңдаңыз. |

# **Mac** жүйесіне арналған бағдарламалық құралдар

## **Mac** жүйесіне арналған **HP** принтерінің утилитасы

Өнімнің ақпараттық беттерін басып шығару Auto-Off (автоматты өшіру) параметрі Mac жүйесінен өзгерту үшін HP LaserJet утилитасын пайдаланыңыз.

HP LaserJet утилитасын ашу үшін төмендегі процедураны аяқтаңыз.

▲ Басып шығару кезегін ашып, **Утилита** белгішесін басыңыз.

# Mac жүйесінде қолданылатын утилиталар

## HP енгізілген веб-сервері

**ЕСКЕРІМ:** Тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы HP енгізілген веб-серверді қолдайды.

Өнім өнім және желі әрекеттері туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін енгізілген веб-сервермен жабдықталған. Бұл ақпарат Microsoft Internet Explorer, Apple Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышқа шығады.

Енгізілген веб сервері өнімде орналасқан. Ол желілік серверге жүктелмеген.

Енгізілген веб сервері желіге қосылған кез келген компьютері бар және стандартты веб шолушысы пайдалана алатын өнімді интерфейспен қамтамасыз етеді. Ешқандай арнайы бағдарламалық құрал орнатылмаған немесе конфигурацияланбаған, бірақ Сіздің компьютеріңізде қолдаулы Веб браузер болуы тиіс. Енгізілген веб серверіне ену үшіншолушының мекенжай жолына өнімнің IP мекенжайын теріңіз. (IP мекенжайын табу үшін конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Конфигурациялау бетін басып шығару жөніндегі толығырақ ақпаратты Ақпараттық беттерді басып шығару 56-бетте ішінен қараңыз.)

Енгізілген Веб сервердің мүмкіншіліктері мен қызметтерін толық түсіну үшін Енгізілген веб-сервер бөлімдері 59-бетте қараңыз.

# Mac жүйесімен басып шығару

## Macintosh жүйесінде баспаның алдын ала орнатпаларын құру және пайдалану

Қайта пайдалану мақсатымен принтер драйверлерінің ағымды баптауларын сақтау үшін баспаның алдын ала орнатпаларын пайдалану.

### баспаның алдын ала орнатпаларын құру

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. Басып шығару параметрлерін таңдаңыз.
4. **Presets** (Алдын ала орнатулар) тармағында **Save As...** (Түрінде сақтау...) батырмасын басып, алдын ала орнатпа атауын теріңіз.
5. **OK** басыңыз.

### Баспаның алдын ала орнатпаларын пайдалану

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Presets** (Алдын ала орнатулар) тармағында пайдаланғыңыз келетін алдын ала орнатпаларды таңдаңыз.

**ЕСКЕРІМ:** Принтер-драйвер стандартты параметрлерін пайдалану үшін **Standard** (Стандартты) таңдаңыз.

## Құжаттарды немесе баспаларды әдеттегі парақ мөлшеріне өзгерту

Сіз құжатты өзге өлшемді параққа орналастыру үшін масштабтай аласыз.

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. **Paper Handling** (Қағаз жүктеу) мәзірін ашыңыз.
3. **Destination Paper Size** (Арнаулы Парақ Өлшемі) аумағынан **Scale to fit paper size** (Парақ өлшеміне орналастыру үшін масштабтау) мәзірін таңдап, жайыомалы тізімнен өлшемді таңдаңыз.
4. Егер Сіз құжаттан кіші парақтарды ғана пайдаланғыңыз келсе, **Scale down only** (Тек төмен қарай масштабтау) батырмасын таңдаңыз.

## Мұқабаны басып шығару

Сіз құрамында хабары («Құпия» сияқты) бар құжаттарыңыз үшін түрлі мұқаба беттерін басып шығара аласыз.

1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Cover Page** (Алдыңғы Мұқаба) жайылмалы мәзірін ашып, одан кейін алдыңғы мұқабаны не **Before Document** (Құжат алдында) немесе **After Document** (Құжаттан Кейін) басып шығаруды таңдаңыз.
4. **Cover Page Type** (Мұқаба Бетінің Түрі) жайылмалы мәзірінен өзіңіз мұқаба бетте басып шығарғыңыз келетін хабарды таңдаңыз.

ЕСКЕРІМ: Бос мұқаба бетті басып шығару үшін **Standard** (Стандартты) түрді **Cover Page Type** (Мұқаба Бетінің Түрі) түрінде таңдаңыз.

## Macintosh жүйесінде бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығару

Бір парақ қағазға бірнеше бет басып шығара аласыз. Бұл мүмкіншілік жоба беттерін басып шығарудың тиімді жолын қамтамасыз етеді.




1. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдаңыз.
3. **Layout** (Орналасу) жайылмалы мәзірін ашыңыз.
4. Одан кейін **Pages per Sheet** (Бет Параққа) мәзіріне өтіп, әр параққа басып шығарғыңыз келетін бет санын (1, 2, 4, 6, 9, немесе 16) таңдаңыз.
5. Одан кейін **Layout Direction** (Орналастыру Бағыты) мәзіріне өтіп, парақтағы беттер кезегі мен орналастырылуын таңдаңыз.
6. Одан кейін **Borders** (Жиектері) мәзіріне өтіп, парақтағы әр беттің жан жағындағы жиек түрін таңдаңыз.

# Mac жүйесімен екі жағына басып шығару (дуплекс)

## Автоматты

**ЕСКЕРІМ:** Автоматты дуплекстеу тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы сериясында қолданылады.

Принтер драйвері автоматты дуплекстеуге тек белгілі баспа құралдар өлшемдерін қолдайды. Принтер драйверінде жоқ баспа құралдарының өлшемі үшін қолмен дуплекстеуді пайдаланыңыз.

Автоматты дуплекстеу мүмкіндігі әдепкі бойынша қосылады. Автоматты дуплекстеуді ажырату үшін өнімнің конфигурациялау параметрлерін өзгертіңіз. Macintosh жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту 19-бетте бөлімін қараңыз.

1. Басып шығару тапсырмасына бейімдеу үшін кіріс науасына қағазды жеткілікті етіп салыңыз. Егер сіз фирмалық бланк сияқты арнайы қағаз салсаңыз, науаға оның бетін төмен қаратып салыңыз.
2. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
3. **Layout** (Жоба) мәзірін ашыңыз.
4. Одан **Two-Sided** (Екі Жақты) тармағынан, **Long-Edge Binding** (Ұзын Қырынан Бекіту) немесе **Short-Edge Binding** (Қысқа Қырынан Бекіту) таңдаңыз.
5. **Print** (Басып шығару) батырмасын басыңыз.

## Қолмен

1. Басып шығару тапсырмасына бейімдеу үшін кіріс науасына қағазды жеткілікті етіп салыңыз. Егер сіз фирмалық бланк сияқты арнайы қағаз салсаңыз, науаға оның бетін төмен қаратып салыңыз.
2. **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
3. **Mac OS X v10.4**: **Орналасу** ашылмалы тізімінен **Ұзын жиегінен бүктеу** тармағын немесе **Қысқа жиегінен бүктеу** тармағын таңдаңыз.

   **–немесе–**

   **Mac OS X v10.5 және v10.6**: **Екі жақты** құсбелгі көзін белгілеңіз.
4. **Басып шығару** түймесін басыңыз. Екінші жартысын басып шығару үшін науаға шығатын қағаз дестесін салмай тұрып, компьютер экранынан ашылатын тілқатысу терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.
5. Өнімді ашып, науадағы таза қағазды алып тастаңыз.
6. Басып шығарылған қағаз дестесін шығыс қалтасынан шығарып, алдымен өнімге жоғарғы жиегін кіргізіп, дестенің басып шығарылған жағын төмен қаратып науаға салыңыз.
7. Компьютерде баспа тапсырмасын аяқтау үшін **Жалғастыру** түймесін басыңыз.

# 4 Өнімді жалғау


- Қолданылатын желілік операциялық жүйелер
- USB арқылы қосылу
- Желіге қосылу

# Қолданылатын желілік операциялық жүйелер

**ЕСКЕРІМ:** Желі функцияларын тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы қолдайды.

Келесі операциялық жүйелер желілік басып шығаруын қолдайды:

- Windows 7 (32 биттік және 64 биттік)
- Windows Vista (Starter Edition, 32 биттік және 64 биттік)
- Windows XP (32 биттік, 2-жаңарту бумасы)
- Windows XP (64 биттік, 1-жаңарту бумасы)
- Windows Server 2008 (32 биттік және 64 биттік)
- Windows Server 2003 (1-жаңарту бумасы)
- Mac OS X v10.4, v10.5 және v10.6

## Принтер ортақтасқан дисклеймері

HP бір рангтік желіні қолдамайды, өйткені мүмкіндік Microsoft операциялық жүйелердің функциясы және HP принтер драйвері емес. www.microsoft.com Microsoft торабына кіріңіз.

# USB арқылы қосылу

Бұл өнімде USB 2.0 байланысы бар. Сізге 2 метрден (6,56 фут) аспайтын A-B үлгісіндегі USB кабелін пайдалану керек.

## Өнімді HP Smart Install бағдарламалық құралымен орнату

**ЕСКЕРІМ:** Бұл орнату түрі тек Windows жүйесінде қолданылады.

HP Smart Install бағдарламасы USB кабелімен өнімді компьютерге жалғау арқылы өнімнің драйвері мен бағдарламалық құралдарын орнатуға мүмкіндік береді.

**ЕСКЕРІМ:** Орнату дискісі HP Smart Install орнатуы кезінде қажет емес. Бағдарламалық құралдарды орнату дискісін компьютердің диск жетегіне салмаңыз.

1. Өнімді қосыңыз.
2. USB кабелін жалғаңыз.
3. HP Smart Install бағдарламасы автоматты түрде іске қосылуы тиіс. Бағдарламалық құралдарды орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
   - Егер HP Smart Install бағдарламасы автоматты түрде іске қосылмаса, AutoPlay мүмкіндігі компьютерде өшірілген болуы мүмкін. Компьютерді шолып, бағдарламаны іске қосу үшін HP Smart Install дискісін екі рет басыңыз.
   - Бағдарлама байланыс түрінің таңдалуын сұраса, **USB арқылы басып шығаруды реттеу** опциясын таңдаңыз.

## Ықшам дискіден орнату

1. Бағдарламалық құралды орнату дискісін компьютердің диск жетегіне салыңыз.

   **ЕСКЕРІМ:** Кеңес берілмейінше, USB кабелін жалғамаңыз

2. Егер орнату бағдарламасы автоматты түрде ашылмаса, ықшам дискінің мазмұнын көріп, SETUP.EXE файлын іске қосыңыз.
3. Бағдарламалық құралдарды орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Бағдарламалық құралды орнатуға ықшам диск пайдаланылғанда, мына орнату түрлерін таңдауға болады:

- Оңай орнату (ұсынылады)

  Әдепкі мәндерді қабылдауға немесе өзгертуге нұсқау берілмейді.

- Кеңейтілген орнату

  Әдепкі мәндерді қабылдауға немесе өзгертуге нұсқау беріледі.

# Желіге қосылу

HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы желіге HP ішкі желі порты арқылы қосыла алады.

## Қолданылатын желілік протоколдар

Желімен жабдықталған өнімді желіге қосу үшін төмендегі протоколды пайдаланатын желі қажет.

- Қызметтік сымды TCP/IP желісі

## Өнімді сымды желіде орнату

**ЕСКЕРІМ:** Желі байланысына қатысты мәселені шешу үшін Қосылу ақаулықтарын түзету 109-бетте бөлімін қараңыз.

Өнімді желіге HP Smart Install арқылы немесе ықшам дискіден орнатуыңызға болады. Орнатуды бастамастан бұрын келесіні орындаңыз:

- CAT-5 Ethernet кабелін Ethernet хабындағы немесе маршрутизатордағы портқа жалғаңыз.
- Ethernet кабелін өнімнің артқы жағындағы Ethernet портына жалғаңыз.
- Өнімнің артқы жағында орналасқан желі портында желі шамдарының біреуінің жанғанын тексеріңіз.



### Сымды желідегі HP Smart Install

**ЕСКЕРІМ:** Бұл орнату түрі тек Windows жүйесінде қолданылады.

1. Реттеу бетін басып шығарып, TCP/IP мекенжайын тауып алыңыз. Ақпараттық беттерді басып шығару 56-бетте бөлімін қараңыз.
2. Өнімді орнатқыңыз келген компьютерден веб-шолғышты ашыңыз.

3. Шолғыштың мекенжай жолағына өнімнің IP мекенжайын теріңіз.

4. **HP Smart Install** жиекбелгісін басыңыз.

5. **Жүктеу** түймесін басыңыз.

6. Өнімді орнатуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

### Сымды желіде ықшам дискіден орнату

**ЕСКЕРІМ:** Бағдарламалық құралды орнату үшін ықшам дискіні қолданған кезде Оңай орнату (ұсынылады) немесе Кеңейтілген орнату түрін (әдепкі мәндерді қабылдауға немесе өзгертуге нұсқау беріледі) таңдауыңызға болады.

1. Бағдарламалық құралды орнату дискісін компьютердің диск жетегіне салыңыз.

2. Егер орнату бағдарламасы автоматты түрде ашылмаса, ықшам дискінің мазмұнын көріп, SETUP.EXE файлын іске қосыңыз.

3. Өнімді реттеп, бағдарламалық құралды орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

   **ЕСКЕРІМ:** Сұралған кезде, **Желі арқылы басып шығаруды реттеу** таңдалғанына көз жеткізіңіз.

# Желі параметрлерін реттеу

## Желі параметрлерін көру немесе өзгерту

Енгізілген веб-серверін IP конфигурациялау параметрлерін көру немесе өзгерту үшін пайдаланыңыз.

1. Конфигурациялау бетін басып шығарып, IP мекенжайын табыңыз.

   - Егер сіз IPv4 пайдаланып отырған болсаңыз, IP адресі тек сандардан тұрады. Ол келесідей қалыпта болады:

     `xxx.xxx.xxx.xxx`

   - Егер сіз IPv6, пайдаланып отырған болсаңыз, IP мекенжайы таңбалар мен сандардың оналтылық тіркестерінен тұрады. Оның форматы мынаған ұқсас:

     `xxxx::xxxx:xxxx:xxxx:xxxx`

2. Өнімнің IP мекенжайын веб-браузердің мекенжай жолына енгізіп, енгізілген веб-серверді ашыңыз.

3. Желі жөніндегі ақпаратты алу үшін **Networking** (Желіге қосылу) жиекбелгісін басыңыз. Сіз параметрлерді қалауыңыз бойынша өзгерте аласыз.

## Желілік кілтсөзді орнату немесе өзгерту

Желілік кілтсөзді орнату үшін немесе бар кілтсөзді өзгерту үшін енгізілген Веб-серверін пайдаланыңыз.

1. Енгізілген веб-серверді ашыңыз, **Желіге қосылу** қойындысын нұқып, **Кілтсөз** сілтемесін басыңыз.

   **ЕСКЕРІМ:** Егер кілтсөз алдын ала орнатылған болса, сізге кілтсөзді теру ұсынылады. Кілтсөзді енгізіп, **Қолдану** батырмасын басыңыз.

2. **Кілтсөз** және **Кілтсөзді растау** жолдарында жаңа құпия сөзді енгізіңіз.

3. Кілтсөзді сақтау үшін терезенің төменгі жағындағы **Қолдану** батырмасын басыңыз.

## IP адресі

Өнімнің IP мекенжайын қолмен орнатуға болады немесе оны DHCP, BootP немесе AutoIP арқылы автоматты түрде реттеуге болады.

IP мекенжайын қолмен өзгерту үшін HP енгізілген веб-серверіндегі **Желіге қосылу** жиекбелгісін пайдаланыңыз.

## Байланыс жылдамдықтары және дуплекстеу параметрлері

**ЕСКЕРІМ:** Бұл бөлімде дуплекстеу екі жағына басып шығару емес, екі бағыттағы байланысты білдіреді.

Қажет болса, байланыс жылдамдығын орнату үшін HP енгізілген веб-серверіндегі **Желіге қосылу** жиекбелгісін пайдаланыңыз.

Байланыс жылдамдығының параметріне дұрыс енгізілмеген өзгерістер өнімнің басқа желідегі құрылғылармен байланысуына жол бермеуі мүмкін. Көп жағдайлар үшін өнімді автоматты режимде қалдырыңыз. Өзгерістер өнімнің өшіп, қайтадан қосылуына себеп болуы мүмкін. Өзгерістерді өнім бос тұрғанда ғана енгізіңіз.

# 5 Қағаз және баспа медиасы


- Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы
- Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар
- Баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту
- Қолданылатын қағаз өлшемдері
- Қолданылатын қағаз түрлері
- Науа және қалта сыйымдылығы
- Науаларға қағаз салу

# Басып шығаруға арналған қағаз бен арқауларды пайдалану туралы

Бұл өнім түрлі қағаз және басқа да баспа құралын осы пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларға сай қолдайды. Осы нұсқауларға сай келмейтін қағаз немесе баспа құралы өнімдегі нашар баспа сапасын, кептелістердің көптігін және оның уақытынан бұрын істен шығуын тудырады.

Ең жоғары нәтиже алу үшін, тек қана HP сауда белгісімен шыққан қағазды және лазерлі принтерлерге арналған немесе әмбебап баспа құралдарды пайдаланыңыз. Ағынша принтерлері үшін жасалған қағазды немесе баспа құралдарын пайдаланбаңыз. Hewlett-Packard компаниясы басқа сауда белгілерімен шыққан баспа құралдарын пайдалану жөнінде ұсыныс жасай алмайды, себебі HP олардың сапасын бақылай алмайды.

Кейбір жағдайларда тіпті осы пайдаланушы нұсқаулығында баяндалған талаптарға сай келетін қағазға басып шығарған кезде де, басып шығару сапасының қанағаттанарлықсыз болуы байқалады. Мұндай қиындық арқауды дұрыс қолданбаудың, қолайсыз температура мен ылғалдылық жағдайында пайдаланудың, сондай-ақ Hewlett-Packard компаниясының бақылауы мүмкін емес басқа да мән-жайлардың салдарынан орын алуы мүмкін.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** HP компаниясы белгілеген талаптарға сай келмейтін арқауды пайдалану басып шығарғыштың зақымдалуына және оны жөндеу қажет болуына әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай жөндеуге Hewlett-Packard компаниясының кепілдігі немесе техникалық қызмет көрсету туралы келісімі таралмайды.

# Арнайы қағазды немесе басып шығаруға арналған арқауларды пайдалану бойынша ұсынымдар

Бұл өнім арнайы баспа құралында басып шығаруды қолдайды. Қанағаттанарлық нәтижелерге қол жеткізу үшін келесі нұсқауларды пайдаланыңыз. Арнайы қағаз немесе баспа құралын пайдаланғанда өте жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін принтер драйверінде қағаз түрі мен өлшемін орнатуды ұмытпаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** HP LaserJet өнімдері тонер бөлшектерін қағазға өте нақты нүктелерде қою үшін термобекіткіштерді пайдаланады. HP лазерлі қағазы осы қатты ыстыққа төзімді етіп жасақталған. Сиялы қағазды пайдалану өнімге зақым келтіреді.

| Арқау түрі | Керек | Керек емес |
| --- | --- | --- |
| Конверттер | • Конверттерді тегіс жерде сақтаңыз.<br>• Лазерлік басып шығарғыштарға арналған желімдік негіздегі қорғаныс таспаларын пайдаланыңыз.<br>• Лазерлік басып шығарғыштарға арналған желімдік негіздегі қорғаныс таспаларын пайдаланыңыз. | • Қыртыстары, саңылаулары бар конверттерді, желімделген конверттерді немесе басқа бүлінген жерлері бар конверттерді пайдаланбаңыз.<br>• Қағаз қыстырғыштары, қысқыштары, ойықтары немесе ішкі жабыны бар конверттерді пайдаланбаңыз.<br>• Өзі желімделетін таспасы немесе басқа синтетикалық материалдары бар конверттерді пайдаланбаңыз. |
| Затбелгілер | • Тек арасындағы жабысқақ астарының ашық жерлері жоқ затбелгілерді пайдаланыңыз.<br>• Тегіс орналасқан жапсырмаларды пайдаланыңыз.<br>• Затбелгілердің тек толық парақтарын пайдаланыңыз. | • Бүктелген, бұдырлы жерлері немесе басқа бүлінген жерлері бар затбелгілерді пайдаланбаңыз.<br>• Затбелгілердің жартылай парақтарын басып шығармаңыз. |
| Мөлдір үлдірлер | • Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған мөлдір үлдірлерді пайдаланыңыз.<br>• ӨҚБ құрылғысынан шығарылған мөлдір үлдірлерді тегіс жерге қойыңыз. | • Лазерлік басып шығарғыштарға арналмаған мөлдір арқауларды пайдаланбаңыз. |
| Мөрлі және фирмалық бланктер | • Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған бланкілерді немесе пішіндерді пайдаланыңыз. | • Бедерлі бланктерді және бұдыр кескіндері бар бланктерді пайдаланбаңыз. |

| Арқау түрі | Керек | Керек емес |
| --- | --- | --- |
| Қалың қағаз | • Тек лазерлік басып шығарғыштарда пайдалануға рұқсат етілген және салмағы бойынша осы құрылғыға арналған талаптарға сай келетін қалың қағазды пайдаланыңыз. | • Егер осы құрылғыға арналған ұсынымдарда көрсетілгеннен қалыңырақ қағазды HP компаниясы осы құрылғы үшін пайдалануға рұқсат бермесе, ондай қағазды пайдаланбаңыз. |
| Жылтыр қағаз немесе жабыны бар қағаз | • Тек лазерлік басып шығарғыштарға арналған жылтыр қағаз бен жабыны бар қағазды пайдаланыңыз. | • Сиялы басып шығарғыштарға арналған жылтыр қағаз бен жабыны бар қағазды пайдаланбаңыз. |

# Баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту

Баспа құралдарын түрі мен өлшемі бойынша таңдау баспа сапасын ауыр қағаз, жылтыр қағаз және мөлдір үлдірлер үшін едәуір жақсартады. Қате параметрді пайдалану баспаның қанағаттанарлықсыз сапасына алып келуі мүмкін. Әрқашан жапсырмалар немесе мөлдір үлдірлер сияқты таңдаулы баспа құралдары үшін **Type** (Түр) бойынша басып шығарыңыз. Конверттер үшін әрқашан **Size** (Өлшем) бойынша басып шығарыңыз.

1. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) батырмасын таңдаңыз.
2. Драйверді таңдап, одан кейін **Properties** (Қасиеттер) немесе **Preferences** (Таңдаулылар) батырмасын басыңыз.
3. **Paper/Quality** (Қағаз/Сапа) жиебелгісін таңдаңыз.
4. **Түрі** немесе **Өлшемі** тізімдік терезесінен баспа құралының дұрыс түрін немесе өлшемін таңдаңыз.
5. **OK** таңдаңыз.

# Қолданылатын қағаз өлшемдері

Бұл өнімде әр түрлі қағаз өлшемдері болады және ол әр түрлі баспа құралына бейімделеді.

**ЕСКЕРІМ:** Ең жақсы баспа нәтижелерге жету үшін, жарамды қағаз өлшемін таңдаңыз да басып шығару алдында баспа драйверіңізде теріңіз.

Принтер драйвері автоматты дуплекстеуге тек белгілі баспа құралдар өлшемдерін қолдайды. Принтер драйверінде жоқ баспа құралдарының өлшемі үшін қолмен дуплекстеуді пайдаланыңыз.

**Кесте 5-1 Қолдаулы қағаз және баспа мөлшерлері**

| Өлшем | Өлшемдер | Негізгі кіріс науасы | Бірінші кезекті кіріс ұясы |
|---|---|---|---|
| Хат | 216 x 279 мм | ✓ | ✓ |
| Стандарт | 216 x 356 мм | ✓ | ✓ |
| A4 | 210 x 297 мм | ✓ | ✓ |
| Executive | 184 x 267 мм | ✓ | ✓ |
| 8,5 x 13 | 216 x 330 мм | ✓ | ✓ |
| A5 | 148 x 210 мм | ✓ | ✓ |
| A6 | 105 x 148 мм | ✓ | ✓ |
| B5 (JIS) | 182 x 257 мм | ✓ | ✓ |
| 16k | 184 x 260 мм<br>195 x 270 мм<br>197 x 273 мм | ✓ | ✓ |
| Таңдамалы | **Ең аз**: 76 x 127 мм<br>**Ең көп**: 216 x 356 мм | ✓ | ✓ |

**Кесте 5-2 Қолдаулы конверттер мен ашық хаттар**

| Өлшем | Өлшемдер | Негізгі кіріс науасы | Бірінші кезекті кіріс ұясы |
|---|---|---|---|
| Конверт #10 | 105 x 241 мм | ✓ | ✓ |
| Конверт DL | 110 x 220 мм | ✓ | ✓ |
| Конверт C5 | 162 x 229 мм | ✓ | ✓ |
| Конверт B5 | 176 x 250 мм | ✓ | ✓ |

**Кесте 5-2 Қолдаулы конверттер мен ашық хаттар (жалғасы)**

| Өлшем | Өлшемдер | Негізгі кіріс науасы | Бірінші кезекті кіріс ұясы |
|---|---|---|---|
| Конверт Monarch | 98 x 191 мм | ✓ | ✓ |
| Жапондық ашықхат | 100 x 148 мм | ✓ | ✓ |
| Жапондық айналдырылған қос ашықхат | 148 x 200 мм | ✓ | ✓ |

# Қолданылатын қағаз түрлері

Осы өніммен қолданатын арнайы HP атаулы қағаздың толық тізімін көру үшін www.hp.com/support/ljp1560series немесе www.hp.com/support/ljp1600series өтіңіз.

| Қағаз түрлері (принтер драйвері) | Негізгі кіріс науасы | Бірінші кезекті кіріс ұясы |
|---|---|---|
| Тегіс | ✓ | ✓ |
| Қайта пайдаланылатын | ✓ | ✓ |
| Жұқа | ✓ | ✓ |
| Ашық | ✓ | ✓ |
| Орта салмақты | ✓ | ✓ |
| Тығыз | ✓ | ✓ |
| Өте тығыз | ✓ | ✓ |
| Фирмалық бланк | ✓ | ✓ |
| Алдын ала басылған | ✓ | ✓ |
| Мөрленген | ✓ | ✓ |
| Түсі | ✓ | ✓ |
| Құнды қағаз | ✓ | ✓ |
| Бұдыр | ✓ | ✓ |
| Хатқалта | ✓ | ✓ |
| Жапсырмалар | ✓ | ✓ |
| Қатты қағаз | ✓ | ✓ |
| Мөлдір қағаз | ✓ | ✓ |
| Ашықхаттар | ✓ | ✓ |

# Науа және қалта сыйымдылығы

| Науа немесе қалта | Қағаз түрі | Ерекшеліктер | Саны |
|---|---|---|---|
| Негізгі кіріс науасы | Қағаз | Ауқымы:<br><br>60 г/м$^2$ байланысқан 163 г/м$^2$ байланысқан | 250 парақ 75 г/м$^2$ байланысқан |
| | Конверттер | 60 г/м$^2$ облигациядан 90 г/м$^2$ облигацияға дейінгіден аз | 10 конвертке дейін |
| | Диапозитивтер | Ең аз 0,13 мм қалың | 125 мөлдір қағазға дейін |
| Бірінші кезекті кіріс ұясы | Қағаз | Ауқымы:<br><br>60 г/м$^2$ байланысқан 163 г/м$^2$ байланысқан | 10 парақққа тең 75 г/м$^2$ байланысқан |
| | Диапозитивтер | Ең аз 0,13 мм қалың | Дестенің ең үлкен биіктігі: 1 мм |
| Шығыс науасы | Қағаз | Ауқымы:<br><br>60 г/м$^2$ байланысқан 163 г/м$^2$ байланысқан | 125 параққа дейін 75 г/м$^2$ байланысқан |
| | Мөлдір қағаздар | Ең аз 0,13 мм қалың | 75 мөлдір қағазға дейін |
| | Хатқалталар | Аз 60 г/м$^2$ байланысқан 90 г/м$^2$ байланысқан | 10 хатқалтаға дейін |

# Науаларға қағаз салу

**ЕСКЕРТУ:** Егер мыжылған, бүктелген немесе қандай да бір жолмен бүлінген баспа құралына басып шығармақ болсаңыз, олар кептеліп қалуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін Кептелістерді тазалау 89-бетте бөлімін қараңыз.

## Бірінші кезекті кіріс ұясы

Бірінші кезекті кіріс ұясына он параққа дейін баспа құралы немесе бір хатқалта, бір мөлдір қағаз немесе жапсырмалардың немесе қатты қағаздың бір парағы салынады. Баспа құралының жоғарғы жағын алға және басылып шығатын бетін жоғары қаратып салыңыз. Кептелуге және мыжылуға жол бермеу үшін әрдайым баспа құралын салмас бұрын бүйір реттеуіштерді дұрыстаңыз.

## Негізгі кіріс науасы

Негізгі кіріс науасына 250 парақ 75 г/м$^2$ қағаз немесе тығыз баспа құралдарының аз парағы (25 мм қағаз дестесінің биіктігі немесе одан аз) сыяды.

Баспа құралын жоғарғы жағын алдыға және басылатын бетін жоғары қаратып салыңыз. Кептелу мен қиғаш кетуді болдырмау үшін бүйірлік және алдыңғы баспа құралдарының бағыттаушыларын әркашан реттеп отырыңыз.

**ЕСКЕРІМ:** Жаңа баспа құралын қосқанда, баспа құралының барлығын кіріс науасынан шығарып, барлық қағаз дестесін дұрысталғанына көз жеткізіңіз. Бұл баспа құралының бірнеше парағының өнімге бір уақытта берілуіне жол бермей, баспа құралының кептелуін азайтады.

## Науаларды толтыру барысындағы қағаз бағдары

Лазерлі принтерлерге арналған баспа құралын ғана пайдаланыңыз. Қолданылатын қағаз өлшемдері 36-бетте бөлімін қараңыз.

Егер арнайы бағдарды қажет ететін қағазды пайдалансаңыз, оны келесі кестедегі ақпаратқа сәйкес салыңыз.

| Қағаз түрі | Қағаз салу тәсілі |
|---|---|
| Алдын ала басып шығарылған қағаз не бланк | • Бетін жоғары қаратып<br>• Жоғарғы жиегін өнімге бірінші кіргізіп |
| Алдын ала тесілген | • Бетін жоғары қаратып<br>• Тесіктерді өнімнің сол жағына қаратып |
| Хатқалта | • Бетін жоғары қаратып<br>• Сол жақ қысқа жиегін өнімге бірінші кіргізіп |

**ЕСКЕРІМ:** Бір хатқалта немесе басқа ерекше баспа құралдарын басып шығару үшін бірінші кезекті кіріс ұясын пайдаланыңыз. Көптеген хатқалта немесе басқа ерекше баспа құралдарын басып шығару үшін бірінші кезекті кіріс ұясын пайдаланыңыз.

1. Баспа құралын саларда баспа құралын бағыттаушыны баспа құралынан аздап кеңірек етіп сыртқа қарай сырғытыңыз.



2. Баспа құралын науаға салып, баспа құралын бағыттаушыны қажетті ені бойынша реттеңіз.



# 6 Баспа тапсырмалары


- Баспа тапсырмасын тоқтату
- Windows жүйесімен басып шығару

# Баспа тапсырмасын тоқтату

Баспа сұрауын басқару тақтасы немесе бағдарламалық құрал арқылы тоқтатуға болады. Баспа сұрауын желідегі компьютерден қалай тоқтатуға болатындығы жөніндегі нұсқауларды белгілі бір желілік бағдарламалық құралдың желідегі анықтамасынан қараңыз.

**ЕСКЕРІМ:** Сіз тоқтатқан барлық баспа тапсырмаларын алып тастау үшін біраз уақыт қажет етілуі мүмкін.

## Ағымдағы баспа тапсырмасын басқару тақтасынан тоқтату

▲ Басқару тақтасындағы бас тарту ✕ түймесін басыңыз.

## Ағымдағы баспа тапсырмасын бағдарламалық құралдан тоқтату

Баспа тапсырмасын жібергенде экранға қысқа мезетке баспа тапсырмасын тоқтату мүмкіндігін беретін тілқатысу терезесі шығады.

Бағдарламалық құралдан өнімге бірнеше сұрау жіберілген болса, олар баспа кезегінде (мысалы, Windows Print Manager (Windows баспаны басқарушы бағдарламасында) күтіп тұруы мүмкін. Компьютердегі басып шығару тапсырмасынан бас тарту туралы арнайы нұсқауларды бағдарламалық құралдың құжаттамасынан қараңыз.

Баспа тапсырмасы баспа кезегінде немесе баспа буферінде күтуде болатын болса, тапсырманы осы жерден өшіріңіз.

1. **Windows XP, Windows Server 2008 және Windows Server 2003 (әдепкі «Бастау» мәзірі арқылы): Бастау** түймесін басып, **Принтерлер мен факстер** тармағын таңдаңыз.

   **–немесе–**

   **Windows XP, Windows Server 2008 және Windows Server 2003 (классикалық «Бастау» мәзірі арқылы): Бастау** түймесін басып, **Принтер** тармағын таңдаңыз.

   **–немесе–**

   **Windows Vista және Windows 7: Бастау** түймесін басып, **Басқару тақтасы**, содан кейін **Аппараттық құрал және дыбыс** санатынан **Принтер** тармағын таңдаңыз.

2. Принтерлер тізімінде осы өнім атауын екі рет басып, баспа кезегін немесе буферін ашыңыз.

3. Бас тартқыңыз келген басып шығару тапсырмасын таңдап, тапсырманы тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз, содан кейін **Бас тарту** немесе **Жою** пәрменін таңдаңыз.

# Windows жүйесімен басып шығару

## Windows принтер драйверін ашу

1. Бағдарламадағы **Файл** мәзірінен **Басып шығару** командасын таңдаңыз.
2. Өнімді таңдап, **Сипаттар** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз.

## Windows жүйесімен басып шығару параметріне қатысты анықтама алу

Принтер-драйвер Анықтамасы бағдарлама анықтамасынан бөлек болады. Принтер-драйвер анықтамасында принтер драйверіндегі түймелердің, белгі қойылатын ұяшықтардың және жайылып түсетін тізімдердің түсіндірмелері беріледі. Сонда-ақ, оның ішіне парақтың екі жағына басып шығару, бір параққа бірнеше бет басып шығару және бірінші бетті не мұқабаны басқа бір қағаз түріне басып шығару сияқты жалпы баспа тапсырмалары бойынша нұсқаулар кіреді.

Принтер-драйвер Анықтамасының терезелерін келесі жолдардың бірі арқылы іске қосыңыз:

- Принтер драйверінің **Properties** (Қасиеттер) диалогтық терезесіндегі **Help** (Анықтама) түймесін басыңыз.
- Компьютер пернетақтасындағы F1 түймесін басыңыз.
- Принтер драйверінің жоғарғы оң жақ бұрышындағы сұрақ белгісін басыңыз.
- Драйвердегі кез келген элементті тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз.

## Windows жүйесімен баспа көшірмелерінің санын өзгерту

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Кеңейтілген** жиекбелгісін таңдаңыз.
2. **Көшірмелер** аумағында көшірмелер санын реттеу үшін тілшелі түймелерді пайдаланыңыз.

   Егер сіз бірнеше көшірмені басып шығаратын болсаңыз, көшірмелерді салыстыру үшін **Салыстыру** құсбелгі көзін белгілеңіз.
3. **OK** түймесін басыңыз.

## Windows жүйесімен түрлі түсті мәтінді қара етіп басып шығару

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Кеңейтілген** жиекбелгісін таңдаңыз.
2. **Барлық мәтінді қара етіп басып шығару** құсбелгі көзін белгілеңіз.
3. **OK** түймесін басыңыз.

# Windows жүйесімен қайта пайдалануға арнайы баспа параметрлерін сақтау

## Жылдам баспа орнатымын пайдалану

1. Принтердің драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз. **Баспа тапсырмаларының жылдам орнатымдары** ашылмалы тізімі **Қызметтер** жиекбелгісінен басқа барлық жиекбелгілерге шығады.

2. **Баспа тапсырмаларының жылдам орнатымдары** ашылмалы тізімінен жылдам орнатымдардың біреуін таңдап, тапсырманы анықталып қойған параметрлермен басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.

## Арнайы басып шығарудың жылдам орнатымын жасау

1. Принтердің драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз. **Баспа тапсырмаларының жылдам орнатымдары** ашылмалы тізімі **Қызметтер** жиекбелгісінен басқа барлық жиекбелгілерге шығады.

2. Қолданыстағы жылдам орнатымды негіз ретінде таңдаңыз.

3. Жаңа жылдам орнатым үшін баспа опцияларын таңдаңыз.

4. **Басқаша сақтау** түймесін басып, жылдам орнатымға атау теріңіз, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.

# Windows жүйесімен баспа сапасын жақсарту

## Қағаз көлемін таңдай аламын

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Қағаз/Сапа** жиекбелгісін таңдаңыз.

2. Өлшемді **Өлшемі** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.

3. **OK** түймесін басыңыз.

### Бейімделген қағаз көлемін таңдай аламын

1. Принтердің драйверін ашып, **Қағаз/Сапа** жиекбелгісін басыңыз.

2. **Арнайы** түймесін басыңыз. **Арнайы қағаз өлшемі** диалогтық терезесі ашылады.

3. Арнайы өлшемге атауды енгізіп, өлшемдерін көрсетіңіз, содан кейін **Сақтау** түймесін басыңыз.

4. **Жабу** параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

### Қағаз түрін таңдаңыз

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Қағаз/Сапа** жиекбелгісін таңдаңыз.
2. Түрін **Түрі** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.
3. **OK** түймесін басыңыз.

### Баспа ажыратымдылығын таңдау

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Қағаз/Сапа** жиекбелгісін таңдаңыз.
2. **Print Quality** (Басып шығару сапасы) аймағында жайылмалы тізімнен опцияны таңдаңыз. Әрбір опция туралы ақпаратты алу үшін онлайн Анықтамадан принтер драйверлерін көріңіз.

   **ЕСКЕРІМ:** Жобалық сапа ажыратымдылығын пайдалану үшін **Баспа сапасы** аумағындағы **EconoMode** құсбелгі көзін белгілеңіз.

3. **OK** түймесін басыңыз.

## Бірінші немесе соңғы бетті басқа қағазға Windows жүйесімен басып шығару

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Қағаз/Сапа** жиекбелгісін таңдаңыз.
2. **Басқа қағазды/парақтарды пайдалану** құсбелгі көзін белгілеп, алдыңғы бетке, басқа беттерге және соңғы бетке қажетті параметрлерді таңдаңыз.
3. **OK** түймесін басыңыз.

## Windows жүйесімен бет өлшемін сәйкестендіру үшін құжатты кеңейту

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Әсерлер** жиекбелгісін таңдаңыз.
2. **Құжатты басып шығару** құсбелгі көзін белгілеп, ашылмалы тізімнен өлшемді таңдаңыз.
3. **OK** түймесін басыңыз.

## Сутаңбаны құжатқа Windows жүйесімен қосу

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Әсерлер** жиекбелгісін таңдаңыз.

2. Сутаңбаны **Сутаңбалар** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.

   Сутаңбаны бірінші бетке ғана басып шығару үшін **Тек бірінші бет** құсбелгі көзін белгілеңіз. Әйтпесе, сутаңба әр бетке басылып шығады.

3. **OK** түймесін басыңыз.

## Windows жүйесімен екі жағына басып шығару (дуплекс)

### Автоматты

**ЕСКЕРІМ:** Автоматты дуплекстеу тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы сериясында қолданылады.

Принтер драйвері автоматты дуплекстеуге тек белгілі баспа құралдар өлшемдерін қолдайды. Принтер драйверінде жоқ баспа құралдарының өлшемі үшін қолмен дуплекстеуді пайдаланыңыз.

Автоматты түрде екі жақты басып шығару мүмкіндігін пайдаланбас бұрын, принтердің сипаттары тілқатысу терезесінің **Құрылғы параметрлері** қосымша бетінде **Автоматты түрде екі жақты басып шығаруға рұқсат беру** параметріне құсбелгі қою керек. Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту 14-бетте бөлімін қараңыз.

1. Қағаздың бетін төмен қаратып бірінші кезекті кіріс ұясына немесе негізгі кіріс науасына салыңыз.



2. Принтердің драйверін ашып, **Аяқтау** жиекбелгісін басыңыз.

3. **Екі жағына басып шығару** құсбелгісін қойыңыз. Егер құжатты жоғарғы жағының бойымен бүктейтін болсаңыз, **Беттерді жоғарғы жағынан бүктеу** құсбелгісін қойыңыз.

4. Компьютерде тапсырманы басып шығару үшін **OK** түймесін басыңыз.

## Қолмен

Қолмен екі жақты басып шығару мүмкіндігін пайдаланбас бұрын, принтердің сипаттары тілқатысу терезесінің **Құрылғы параметрлері** қосымша бетінде **Қолмен екі жақты басып шығаруға рұқсат беру** параметріне құсбелгі қою керек. Windows жүйесіне арналған принтер драйверлерінің баптауларын өзгерту 14-бетте бөлімін қараңыз.

1. Қағаздың бетін төмен қаратып бірінші кезекті кіріс ұясына немесе негізгі кіріс науасына салыңыз.



2. Принтердің драйверін ашып, **Аяқтау** жиекбелгісін басыңыз.

3. **Екі жағына басып шығару (қолмен)** құсбелгісін қойыңыз. Егер құжатты жоғарғы жағының бойымен бүктейтін болсаңыз, **Беттерді жоғарғы жағынан бүктеу** құсбелгісін қойыңыз.

4. Тапсырманың бірінші жағын басып шығару үшін **OK** батырмасын басыңыз.

5. Басып шығарылған қағаз дестесін шығыс науасынан шығарып алыңыз, содан кейін қағаздың бағытымен оның басып шығарылған бетін төмен қаратып негізгі кіріс науасына салыңыз.





6. Өнімнің басқару тақтасында тапсырманың екінші жағын басып шығару үшін бастау түймесін басыңыз.

## Windows кітапшасын жасау

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Аяқтау** жиекбелгісін таңдаңыз.
2. **Екі жағына басып шығару (қолмен)** құсбелгі көзін белгілеңіз.
3. **Кітапшаның орналасуы** ашылмалы тізімінен **Сол жағынан түптеу** немесе **Оң жағынан түптеу** параметрін таңдаңыз. **Бет/парақ** опциясы **2 бет/парақ** параметріне автоматты түрде өзгертеді.
4. **OK** түймесін басыңыз.

## Windows жүйесімен әр параққа бірнеше бетті басып шығару

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Аяқтау** жиекбелгісін таңдаңыз.
2. Әр параққа беттер санын **Бет/парақ** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.

3. **Баспа бетінің жиектері**, **Бет реті** және **Бағыт** үшін тиісті опцияларды таңдаңыз.

4. **OK** түймесін басыңыз.

## Беттің бағытын Windows жүйесімен таңдау

1. Принтер драйверін ашып, **Қасиеттер** немесе **Басымдықтар** түймесін басыңыз, содан кейін **Аяқтау** жиекбелгісін таңдаңыз.

2. **Бағыт** аумағынан **Кітаптық** немесе **Альбомдық** опциясын таңдаңыз.

   Беттегі суреттің жоғарғы жағын төмен қаратып басып шығару үшін **180 градусқа бұру** опциясын таңдаңыз.

3. **OK** түймесін басыңыз.

## HP ePrint қызметін пайдалану

HP ePrint — қолдауы бар HP өнімдерінен құжаттардың төмендегі түрлерін басып шығаруға мүмкіндік беретін веб негізіндегі басып шығару қызметтерінің жинағы болып табылады. Бұл құжаттар:

- HP өнімінің электрондық пошта мекенжайына тікелей жіберілетін электрондық пошта хабарлары мен қосымшалар;
- таңдаулы ұялы құрылғылардың басып шығару қолданбаларынан жіберілетін құжаттар.

### HP Cloud Print технологиясын пайдалану

HP Cloud Print технологиясын пайдаланып электрондық пошта хабарлары мен қосымшаларды кез келген электрондық пошта қосылған құрылғыдан тікелей өнімнің электрондық пошта мекенжайына жіберу арқылы басып шығаруға болады.

**ЕСКЕРІМ:** Өнім сымды немесе сымсыз желіге қосулы болуы керек. HP Cloud Print технологиясын пайдалану мүмкін болуы үшін, алдымен Интернетке қосылып, HP веб қызметтерін қосу керек.

1. Қосымша конфигурация опциялары үшін, төмендегі қадамдарды орындап HP ішкі веб-серверден (EWS) HP веб қызметтерін қосыңыз. Бұл қадамдар:

   а. Өнімді желіге қосқаннан кейін, конфигурация бетін басып шығарып, өнімнің IP мекенжайын анықтаңыз.

   ә. Компьютерден веб-браузерді ашып, мекенжай жолағына IP мекенжайын теріңіз. «HP EWS» экраны көрсетіледі.

   б. **HP веб қызметтері** қосымша бетін ашыңыз. Егер желі Интернетке қосылу үшін прокси-серверді пайдаланбайтын болса, келесі қадамға өтіңіз. Егер желі Интернетке

қосылу үшін прокси-серверді пайдаланатын болса, келесі қадамның алдында төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

i. **Прокси серверінің параметрлері** қосымша бетін ашыңыз.

ii. **Интернетке қосылу үшін желі прокси серверді пайдаланатын болса, осы ұяшыққа құсбелгіні қойыңыз** ұяшығына құсбелгі қойыңыз.

iii. **Прокси сервері** жолына прокси сервердің мекенжайын және порттың нөмірін енгізіп, **Қолдану** түймешігін басыңыз.

в. HP веб қызметтері қосымша бетін ашып, **Қосу** түймешігін басыңыз. Өнім Интернет байланысының параметрлерін реттейді, осыдан кейін ақпарат парағының басылып шығарылатынын көрсететін хабар шығады.

г. **OK** түймешігін басыңыз. ePrint парағы басып шығарылады. ePrint парағынан өнімге автоматты түрде тағайындалатын электрондық пошта мекенжайын табыңыз.

2. Құжатты басып шығару үшін, оны электрондық пошта хабарына қосып, хабарды өнімнің электрондық пошта мекенжайына жіберіңіз. Қолдау көрсетілетін құжат түрлерінің тізімін www.hpeprintcenter.com веб-торабынан көруге болады

3. Қалау бойынша, HP ePrintCenter веб-торабын пайдаланып қауіпсіздік параметрлерін анықтаңыз және,осы өнімге жіберілген барлық HP ePrint тапсырмалары үшін әдепкі параметрлерді реттеңіз.

а. Веб-браузерді ашып, www.hpeprintcenter.com веб-торабына өтіңіз.

ә. **Жүйеге кіру** түймешігін басып, HP ePrintCenter есептік жазба мәліметтерін енгізіңіз немесе жаңа есептік жазба жасаңыз.

б. Тізімнен өніміңізді таңдаңыз немесе **+ Принтерді қосу** түймешігін басып оны қосыңыз. Өнімді қосу үшін, оның коды қажет болады. Код — өнімнің электрондық пошта мекенжайындағы @ белгісіне дейінгі бөлігін құрайды.

**ЕСКЕРІМ:** Бұл код HP веб қызметтерін қосқаннан кейін тек 24 сағаттың ішінде жарамды болады. Оның жарамдылық мерзімі аяқталғанда, HP веб қызметтерін қайтадан қосу үшін, нұсқауларды орындаңыз.

в. **Орнату** түймешігін басыңыз. **HP ePrint параметрлері** тілқатысу терезесі ашылады. Оның ішінде үш қосымша бет бар:

- **Рұқсат етілген жіберушілер**. Принтерден керексіз құжаттар басылып шықпауы үшін, **Рұқсат етілген жіберушілер** қосымша бетін басыңыз. **Тек рұқсат етілген жіберушілер** түймешігін басып, ePrint басып шығару тапсырмаларын жіберуге болатын электронды пошта мекенжайларын қосыңыз.

- **Басып шығару опциялары**. Осы өнімге жіберілген барлық HP ePrint тапсырмалары үшін әдепкі параметрлерді орнату үшін, **Басып шығару опциялары** қосымша бетін ашып, пайдаланылатын параметрлерді таңдаңыз.

- **Күрделі**. Өнімнің электрондық пошта мекенжайын өзгерту үшін, **Күрделі** қосымша бетін басыңыз.

## AirPrint технологиясын пайдалану

Apple AirPrint технологиясымен тікелей басып шығару iOS 4.2 немесе одан кейінгі нұсқаларда мүмкін болады. AirPrint технологиясын пайдаланып iPad (iOS 4.2), iPhone (3GS немесе кейінгі нұсқалар) немесе iPod touch (үшінші шығарылым немесе кейінгі) құрылғыларынан төмендегі қолданбалар арқылы тікелей өнімге басып шығарыңыз. Бұл қолданбалар:

- Mail
- Photos
- Safari
- Үшінші тарап қолданбаларын таңдау

**ЕСКЕРІМ:** Өнім сымды немесе сымсыз желіге қосулы болуы керек.

Басып шығару үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:

1. **Әрекет**  элементін түртіңіз.
2. **Басып шығару** түймешігін түртіңіз.

   **ЕСКЕРІМ:** Алғаш басып шығарған жағдайда немесе алдыңғы таңдалған өнімді пайдалану мүмкін болмаса, өнімді келесі қадамға өтпес бұрын таңдау керек болады.
3. Басып шығару опцияларын реттеп, **Басып шығару** түймешігін түртіңіз.

# 7 Басқару және күту


- Ақпараттық беттерді басып шығару
- HP енгізілген веб-серверін пайдалану
- Үнемдеу параметрлері
- Дыбыссыз режим параметрлері
- Жабдықтар мен керек-жарақтарды басқару
- Өнімді тазалау
- Өнімді жаңарту

# Ақпараттық беттерді басып шығару

Төмендегі ақпарат беттерін басып шығаруға болады.

## Конфигурациялау беті

Конфигурациялау бетінде өнімнің ағымдағы параметрлері мен сипаттарының тізімі беріледі. Сондай-ақ, онда күй журналы туралы есеп болады. Конфигурациялау бетін басып шығару үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

- Дайын шамы жанып, басқа тапсырмалар басып шығарылып жатқанда өту түймесін басып тұрыңыз. Дайын шамы жыпылықтай бастағанда өту түймесін босатыңыз. Конфигурациялау беті басып шығарылады.
- Принтер параметрлері ішіндегі **Қызметтер** жиекбелгісіндегі **Ақпараттық беттерді басып шығару** ашылмалы тізімінен **Конфигурациялау беті** тармағын таңдаңыз.
- Тек **HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы**: Енгізілген веб-серверді ашыңыз (Енгізілген веб-серверді ашу 58-бетте бөлімін қараңыз) да, **Ақпарат** жиекбелгісін басып, **Ақпараттық беттерді басып шығару** тармағын таңдаңыз. **Конфигурация бетін басып шығару** параметрінің жанындағы **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Жабдықтар күйі беті

Жабдықтар күйі бетінде мынадай ақпарат беріледі:

- Баспа картриджінде қалған тонердің пайыздық көрсеткіші (тек түпнұсқа HP баспа картриджі орнатылғанда болады)
- Өңделген беттер мен басып шығарылған тапсырмалар саны (тек түпнұсқа HP баспа картриджі орнатылғанда болады)
- Тапсырыс беру және қайта пайдалану туралы ақпарат

Жабдықтар күйі бетін басып шығару үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

- Принтер параметрлері ішіндегі **Қызметтер** жиекбелгісіндегі **Ақпараттық беттерді басып шығару** ашылмалы тізімінен **Жабдықтар күйі беті** тармағын таңдаңыз
- Тек **HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы**: Енгізілген веб-серверді ашыңыз (Енгізілген веб-серверді ашу 58-бетте бөлімін қараңыз) да, **Ақпарат** жиекбелгісін басып, **Ақпараттық беттерді басып шығару** тармағын таңдаңыз. **Жабдықтар бетін басып шығару** параметрінің жанындағы **Басып шығару** түймесін басыңыз.

## Көрсету беті

Көрсету бетінде мәтіндер мен сызбалардың үлгісі болады. Көрсету бетін басып шығару үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

- Дайын шамы жанып, басқа тапсырмалар орындалмай тұрған кезде, өту түймесін басып, жіберіңіз. Көрсету бетін басып шығарылады.
- Принтер параметрлері ішіндегі **Қызметтер** жиекбелгісіндегі **Ақпараттық беттерді басып шығару** ашылмалы тізімінен **Көрсету беті** тармағын таңдаңыз.

# HP енгізілген веб-серверін пайдалану

**ЕСКЕРІМ:** Енгізілген веб-серверін тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы қолдайды.

Өнім мен желілік күйді көру және басып шығару функцияларын компьютерден басқару үшін HP енгізілген веб-серверін (EWS) пайдаланыңыз.

- Өнім күйінің ақпаратын көру
- Барлық материалдардың қалған қызмет ету мерзімін анықтау және жаңаларына тапсырыс беру
- Өнімнің әдепкі конфигурациялау параметрлерін көру және өзгерту
- Желінің конфигурациясын көру және өзгерту

Компьютерге қандай да бір бағдарлама орнатудың қажеті жоқ. Тек қолдау көрсетілетін мына веб-браузерлерін пайдалану қажет болады:

- Microsoft Internet Explorer 6.0 (және кейінгісі)
- Firefox 1.0 (және кейінгі нұсқалары)
- Mozilla 1.6 (және кейінгі нұсқалары)
- Opera 7.0 (және кейінгі нұсқалары)
- Safari 1.2 (және кейінгі нұсқалары)
- Konqueror 3.2 (және кейінгі нұсқалары)

Енгізілген веб-сервері өнім TCP/IP негізіндегі желіге қосылған кезде істейді. HP енгізілген веб-сервері IPX негізіндегі байланыстарды немесе тікелей USB байланыстарын қолдамайды.

**ЕСКЕРІМ:** Енгізілген веб-серверді пайдалануға интернет байланысы қажет емес. Дегенмен, кез келген бір беттегі сілтемені бассаңыз, сілтемені ашу үшін интернетке байланыс болу керек.

## Енгізілген веб-серверді ашу

HP енгізілген веб-серверін ашу үшін қолданылатын веб-шолғыштың мекенжай жолына IP мекенжайын немесе өнімнің хост атауын теріңіз. IP мекенжайын табу үшін дайын шамы өту қосылып, басқа ешқандай тапсырмалар басылып шықпағанда, түймесін басып тұру арқылы конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. Дайын шамы жыпылықтай бастағанда өту түймесін босатыңыз. Конфигурациялау беті басып шығарылады.

**ЕСКЕРІМ:** HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы IPv4 және IPv6 протоколын қолдайды. Қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/ljp2030series торабына кіріңіз.

**КЕҢЕС:** URL (Universal Resource Locator - әмбебап ресурс орны) ашылғаннан кейін оған келешекте оңай қайта оралу үшін оның бетбелгісін жасап қойсаңыз болады.

Енгізілген веб-сервері параметрлер мен өнім туралы ақпараты бар төрт жиекбелгіден тұрады. **Ақпарат** жиекбелгісі, **Параметрлер** жиекбелгісі, **HP Smart Install** жиекбелгісі және **Желіге қосылу** жиекбелгісі.

# Енгізілген веб-сервер бөлімдері

## Ақпарат жиекбелгісі

Ақпараттық беттер тобы келесі беттерден тұрады.

- **Құрылғының күйі** өнімнің және HP жабдығының күйін көрсетеді.
- **Құрылғының конфигурациясы** конфигурациялау бетіндегі ақпаратты көрсетеді.
- **Жабдықтар күйі** HP жабдықтарының күйі көрсетіп, бөлшек нөмірлерін береді. Жаңа жабдықтарға тапсырыс беру үшін терезенің жоғарғы оң жағындағы **Жабдықтарға тапсырыс беру** түймесін басыңыз.
- **Желі түйіндемесі** Желі түйіндемесі бетіндегі ақпаратты көрсетеді.
- **Ақпараттық беттерді басып шығару** конфигурациялау немесе жабдықтар күйі бетін басып шығаруға мүмкіндік береді.

## Параметрлер жиекбелгісі

Өнімді компьютерден конфигурациялау үшін осы жиекбелгіні пайдаланыңыз. Егер бұл өнім желіге қосылса, осы жиекбелгідегі параметрлерді өзгертпес бұрын әрдайым өнімнің әкімшісімен кеңесіңіз.

## Желіге қосылу жиекбелгісі

Желілік әкімшілер, өнім IP протоколына негізделген желісіне қосылғанда, оның желісіне қатысты параметрлерді бақылау үшін осы жиекбелгіні пайдаланады.

## HP Smart Install жиекбелгісі

**ЕСКЕРІМ:** Бұл жиекбелгі тек Windows жүйесінде қолданылады.

Принтер драйверін жүктеп орнату үшін осы жиекбелгіні пайдаланыңыз.

## Сілтемелер

Сілтемелер күй беттерінің жоғарғы оң жақ бөлігінде орналасқан. Бұл сілтемелердің кез келгенін пайдалану үшін интернет байланысы болуы керек. Егер интернетке телефондық теру арқылы

қосылатын болсаңыз, енгізілген веб-серверді ашпас бұрын интернетке қосылуыңыз керек. Қосылу барысында веб-серверді жауып, оған қайта қосылу қажет болуы мүмкін.

- **Жабдықтар дүкені**. Sure Supply веб-сайтына (www.hp.com/post-embed/ordersupplies-na) қосылып, HP компаниясынан немесе өзіңіз таңдаған делдалдан түпнұсқа HP жабдықтарына тапсырыс беру үшін осы сілтемені басыңыз.
- **Қолдау**. Өнімге қолдау көрсету сайтына қосылады. Негізгі тақырыптарға қатысты анықтаманы іздеуге болады.

# Үнемдеу параметрлері

## Үнемдеу Режимі

Бұл өнімде құжаттардың жобаларын басуға арналған Үнемдеу Режимі мүмкіндігі бар. Үнемдеу Режимі тонерді аздау пайдаланып, бір парақты басып шығару шығынын азайтады. Алайда, Үнемдеу Режимі баспа сапасын да төмендетеді.

HP компаниясы үнемдеу режимін үздіксіз пайдалануға кеңес бермейді. Егер үнемдеу режимі үздіксіз пайдаланылса, тонерді қолдану уақыты баспа картриджінің механикалық бөлшектерінікінен асып кетуі мүмкін. Егер баспа сапасы мұндай жағдайларда нашарлай бастаса, картриджде тонер қалғанның өзінде жаңа баспа картриджін орнату керек болады.

Үнемдеу Режимін келесі жолдардың біреуімен қосуыңызға немесе өшіруіңізге болады:

- Windows принтер сипаттарындағы **Қағаз/Сапа** жиекбелгісін ашып, **Үнемдеу режимі** опциясын таңдаңыз.
- Енгізілген веб-серверде (текHP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы) **Параметрлер** жиекбелгісін ашып, **PCL параметрлері** опциясын таңдаңыз. **Қосу** немесе **Өшіру** опциясын таңдау үшін **Параметрлер** ашылмалы тізімін пайдаланыңыз.

  **ЕСКЕРІМ:** Енгізілген веб-сервер арқылы үнемдеу режимін ажырату PCL 5 Әмбебап принтер драйверін (вебтен жүктеп алынады) пайдаланатын баспа тапсырмаларына әсер етеді.

  Ықшам дискімен бірге берілетін принтер драйверін пайдаланатын баспа тапсырмаларынан үнемдеу режимін алып тастау үшін принтертегі **Үнемдеу режимі** таңдауы алынуы керек.

- Macintosh жүйесіне арналған HP принтерінің утилитасында **Баспа параметрлері** тармағын таңдап, **Үнемдеу режимі& тонер тығыздығы** түймесін басыңыз.

# Auto-Off (автоматты өшіру) режимі

Auto-Off (автоматты өшіру) режимі бұл өнімнің электр қуатын үнемдейтін мүмкіндігі болып табылады. Пайдаланушы көрсеткен уақыттан кейін өнім қуат тұтынылуын автоматты түрде азайтады (Auto-Off (автоматты өшіру)). Түйме басылғанда немесе басып шығару тапсырмасы алынғанда, өнім дайын күйіне оралады. Өнім Auto-Off (автоматты өшіру) режимінде тұрғанда, басқару тақтасында жарық диодтарының барлығы мен қуат түймесінің жарық диодтары өшеді.

**ЕСКЕРІМ:** Өнімнің шамдары Auto-Off (автоматты өшіру) режимінде өшкенімен, өнім басып шығару тапсырмасын алғанда бірқалыпты жұмыс істейді.

Сымсыз үлгілерде автоматты түрде қосу/өшу режимдері жоқ. Сымсыз үлгілерде 3,4 Вт қуат тұтынатын күту күйі бар.

### Auto-Off (автоматты өшіру) режимінің кідіріс уақытын өзгерту

Өнім Auto-Off (автоматты өшіру) режиміне кірмес бұрын, оның күту режимінде (Auto-Off кідірісі) болатын уақыт өзгертуге болады.

**ЕСКЕРІМ:** Әдепкі Auto-Off (автоматты өшіру) режимінің кідіріс параметрі 5 минутты құрайды.

1. Принтер сипаттарын ашып, **Құрылғы параметрлері** жиекбелгісін басыңыз.

2. Auto-Off (автоматты өшіру) кідірісін **Auto-Off** ашылмалы тізімінен таңдаңыз.

**ЕСКЕРІМ:** Басып шығару тапсырмасы өнімге жіберілмейінше, өзгертілген параметр күшіне енбейді.

# Дыбыссыз режим параметрлері

Бұл өнімде басып шығару кезінде шығатын гуілді азайтатын тыныш күйі бар. Тыныш күй қосылып тұрғанда өнімнің басып шығару жылдамдығы азаяды.

**ЕСКЕРІМ:** Дыбыссыз режим баспа жылдамдығын азайтып, бас сапасын жақсаруы мүмкін.

Тыныш күйді қосу үшін мына әрекеттерді орындаңыз.

1. Принтер сипаттарын ашып, **Құрылғы параметрлері** жиекбелгісін басыңыз.
2. **Дыбыссыз режим** мүмкіндігін қосу үшін **Қосу** опциясын басыңыз.

# Жабдықтар мен керек-жарақтарды басқару

Баспа картриджін қолдану, сақтау және бақылау жоғары сапалы нәтижені қамтамасыз етуге көмек болуы мүмкін.

## Баспа картриджін басқару

### Басып шығару картриджін сақтау

Сіз басып шығару картриджін пайдалануға дайын болғанша оны орауышынан шығармаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Басып шығару картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін, оның жарық жерде қалу ұзақтығы бірнеше минуттан аспауы тиіс.

### HP -емес баспа картридждеріне қатысты HP саясаты

Hewlett-Packard Компаниясы жаңа немесе қалпына келтірілген HP -емес баспа картридждерін пайдалануды ұсынбайды.

**ЕСКЕРІМ:** HP -емес баспа картридждерін пайдалану салдарынан келтірілген ешбір зақымдану HP кепілдік және қызмет көрсету жөніндегі келісімдермен қамтылмайды.

Жаңа шынайы HP баспа картриджін орнату үшін Баспа картриджін ауыстыру 66-бетте бөлімін қараңыз.

### алдау оқиғасы жөнінде хабарлау үшін HP жедел байланыс желісі және Web-сайты

Егер сіз HP басып шығару картриджін орнатсаңыз, және басқару панелінің хабары картридждің HP еместігін көрсетсе, алдау оқиғасы жөнінде HP жедел байланыс желісі арқылы хабарлаңыз (1-877-219-3183, Солтүстік Америкада тегін) немесе www.hp.com/go/anticounterfeit сайтын пайдаланыңыз. HP компаниясы картридждің шынайы екендігін анықтауға көмектеседі және проблеманы шешу үшін шаралар қолданады.

Егер сіз төмендегілерді байқап қалсаңыз, сіздің басып шығару картриджіңіз шынайы HP басып шығару картриджі болмауы мүмкін:

- Басып шығару картриджін пайдаланғанда проблемалар көп кездеседі.
- Картридждің түрі әдеттегіден өзгеше (мысалы, жұлып алынатын қызғылт сары ілмегі жоқ немесе орауышы HP орауышынан өзгеше).

### Жабдықтарды қайта пайдалану

Жаңа HP баспа картриджін орнату үшін жаңа жабдық жеткізілетін қорап ішіндегі нұсқауларды орындаңыз немесе алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықты қараңыз.

Жабдықтарды қайта пайдалану үшін, пайдаланылған жабдықты жаңа жабдық жеткізілетін қорап ішіне салыңыз. Пайдаланған жабдықты HP компаниясына қайта пайдалану мақсатымен

жіберу үшін қоса жіберілетін қайтару жапсырмасын пайдаланыңыз. Толығырақ ақпаратты әрбір жаңа HP жабдығымен бірге жеткізілетін қайта пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз.

# Ауыстыру жөніндегі нұсқаулар

## Тонерді қайта үлестіру

Баспа картриджінде тонердің аз көлемі қалғанда, басып шығарылған бетте бұлыңғыр немесе ақшыл аумақтар болуы мүмкін. Тонерді қайта тарату арқылы баспа сапасын уақытша жақсартуға болады.

1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.



2. Тонерді қайта жаймалап шығу үшін баспа картриджін ақырындап алға-артқа шайқатыңыз.



⚠ **ЕСКЕРТУ:** Егер тонер киіміңізге тисе, оны құрғақ шүберекпен сүртіп алып, киімді суық суға шайыңыз. *Ыстық су тонерді матаға жабыстырады.*

3. Баспа картриджін өнімге қайта салып, баспа картриджінің есігін жабыңыз.



Егер баспа ақшыл болса, жаңа баспа картриджін салыңыз.

## Баспа картриджін ауыстыру

1. Баспа картриджінің есігін ашып, ескі баспа картриджін шығарып алыңыз. Баспа картриджі қорабының ішіндегі қайта өңдеу туралы ақпаратты қараңыз.



2. Жаңа баспа картриджін қапшықтан шығарыңыз.

> ⚠ **ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін баспа картриджін әр ұшынан ұстаңыз.

3. Картридждің құлақшасынан тартып таспаны алып тастаңыз. Қайта пайдалануға қайтару үшін баспа картриджінің қорабындағы құлақшасы мен таспасын салыңыз.



4. Картридждің ішіндегі тонерді тарату үшін картриджді алға артқа қарай сілкіңіз.



5. Баспа картриджін өнімге салып, баспа картриджінің есігін жабыңыз.



⚠ **ЕСКЕРТУ:** Егер тонер киімге тиіп кетсе, оны құрғақ шүберекпен сүртіп, киімді суық сумен жуыңыз. *Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді.*

**ЕСКЕРІМ:** Тонер аз болғанда, басып шығарылған бетте бұлыңғыр немесе ақ жерлер пайда болады. Тонерді қайта тарату арқылы баспа сапасын уақытша жақсартуға болады. Тонерді қайта тарату үшін картриджді өнімнен шығарып алып, оны ақырындап алға-артқа шайқаңыз.

## Желімді білікті ауыстыру

Жақсы баспа құралымен қалыпты пайдалану тозу себебі болады. Нашар баспа құралын пайдалану тартушы роликті жиі ауыстыртуы мүмкін.

Егер өнім үнемі көтере қағазды ала алмаса (ешқандай баспа құралы берілмесе), желімді білікті ауыстыру немесе тазалау керек. Жаңа желімді білікке тапсырыс беру үшін Тартушы роликті тазалаңыз 74-бетте бөлімін қараңыз.

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Желімді білікті ауыстырмастан бұрын өнімді өшіру үшін қуат ажыратқышын пайдаланып, оның суығанын күтіңіз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Осы іс рәсімінің орындалмауы өнімге зақым келтіруі мүмкін.

1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.

   ⚠ **ЕСКЕРТУ:** Баспа картриджіне зиян келмеу үшін оны тікелей жарық әсеріне ұшырауын барынша азайту қажет. Баспа картриджін бір парақ қағазбен жауып қойыңыз.

   

2. Тартушы роликті тауып алыңыз.

   

3. Тартушы роликтің әр ұшындағы кішкентай, ақ құлақшаны босатып, тартушы роликті алдыға қарай бұраңыз.



4. Тартушы роликті ақырындап тартып, шығарып алыңыз.



5. Жаңа тартушы роликті ойыққа орнатыңыз. Әр ұшындағы дөңгелек және төртбұрышты ойықтар Сізге қате орналастыру мүмкіндігін бермейді.



6. Жаңа тартушы роликті екі жағы да орнына қонғанша өзіңізден әрі қарай бұраңыз.



7. Баспа картриджін өнімге салып, баспа картриджінің есігін жабыңыз.



## Ажырату тақтасын ауыстыру

Жақсы баспа құралымен қалыпты пайдалану тозу себебі болады. Нашар баспа құралын пайдалану бөлуші құрылғыны жиі ауыстыртуы мүмкін.

Егер өнім баспа құралының бірнеше парағын бірден үнемі тартып ала берсе, ажырату тақтасын ауыстыру керек.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Желімді білікті ауыстырмастан бұрын өнімді өшіру үшін қуат ажыратқышын пайдаланып, оның суығанын күтіңіз.

**ЕСКЕРІМ:** Бөлуші құрылғыны ауыстырмас бұрын, тартушы роликті тазалаңыз. Тартушы роликті тазалаңыз 74-бетте қараңыз.

1. Қағазды шығарып, негізгі кіріс науасын жабыңыз. Өнімді оның алдына қойыңыз.

2. Өнімнің төменгі жағындағы ажырату тақтасын ұстап тұратын екі бұранданы босатып алыңыз.



3. Бөлуші құрылғыны шешіп алу.



4. Жаң бөлуші құрылғыны орнатып, орнына бұрап бекітіңіз.



5. Өнімді қабырға розеткасына жалғап, оны қосыңыз.



# Өнімді тазалау

## Тартушы роликті тазалаңыз

Тартушы роликті ауыстырмас бұрын тазалағыңыз келсе, келесі нұсқаулықтарды орындаңыз:

1. Электр сымын өнімнен ажыратып, желімді білікті Желімді білікті ауыстыру 68-бетте суретінде көрсетілгендей алыңыз.

2. Талшықсыз матаға изопропилді алкоголь сұйықтығын алып, білікті тазалаңыз.



**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Алкоголь тез тұтанады. Алкоголь мен шүберекті ашық жалыннан алыс ұстаңыз. Өнімді жауып, электр сымын жалғамас бұрын, алкогольді толық кептіріп алыңыз.

**ЕСКЕРІМ:** Калифорнияның белгілі бір аумақтарында ауаның ластануын бақылайтын ережелер бойынша изопропилді алкоголь сұйықтығын тазалайтын құрал ретінде пайдалануға шектеу қойылады. Калифорнияның сол аумақтарында бұрынғы ұсыныстарды елемей, құрғақ, суланған мақтасы жоқ шүберекті желімді білікті тазалау үшін пайдаланыңыз.

3. Желімді білікті және шаңды тазарту үшін құрғақ, талшықсыз шүберекті пайдаланыңыз.



4. Желімді білікті өнімге орнатпас бұрын, желімді білікті кептіріп алыңыз.



5. Электр сымын өнімге қосыңыз.

## Қағаз жолын тазалау

Егер басылған беттерде тонер нүктелері немесе дақтары болса, қағаз өтетін жолды тазалаңыз. Тазалау барысында қағаз өтетін жолдағы шаң мен тонерді кетіру үшін мөлдір үлдір пайдаланылады. Мөрлі немесе қалың кағаз пайдаланбаңыз.




**ЕСКЕРІМ:** Жақсы нәтиже алу үшін, мөлдір парақты пайдаланыңыз. Егер мөлдір парақ болмаса, тегіс беті бар баспа құралының түрін (60 - 163 $г/м^2$) пайдаланыңыз.

1. Өнімнің бос және оның жұмысқа дайын екендігін білдіретін шамның жанып тұрғанын тексеріңіз.
2. Кіріс науасына баспа құралын салыңыз.
3. Принтердің **Сипаттар** параметрін ашыңыз.
4. **Құрылғы параметрлері** қойындысын басыңыз.
5. Бетті тазалау үшін **Бетті тазалау** аумағында **Бастау** түймешігін басыңыз.

**ЕСКЕРІМ:** Тазалау үрдісі 2 минуттай уақыт алады. Тазалау үрдісі кезінде бетті тазалау мерзімді түрде тоқтап тұрады. Тазалау үрдісі аяқталмайынша, өнімді ажыратпаңыз. Өнімді мұқият тазарту үшін, тазалау үрдісін бірнеше рет қайталауыңыз керек болуы мүмкін.

## Картридждің айналасын тазалаңыз

Картридждің айналасын жиі тазалаудың қажеті жоқ. Дегенмен, бұл тұсты тазалау басып шығарылған парақтардың сапасын жақсартуы мүмкін.

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Өнімді тазаламастан бұрын сымды ажыратып өнімді өшіріп, оның суығанын күтіңіз.

1. Электр сымын өнімнен ажыратыңыз. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.



⚠ **ЕСКЕРТУ:** Өнімнің ішіндегі қара губкалы беру білігіне тиіспеңіз. Тиіскен жағдайда өнім зақымдалуы мүмкін.

**ЕСКЕРТУ:** Зақымды болдырмау үшін баспа картриджін жарыққа ұзақ ұстамаңыз. Оны парақпен жабыңыз.

2. Қағаз жолы мен баспа картриджі қуысын қалдықтардан тазарту үшін құрғақ, талшықсыз шүберекті пайдаланыңыз.



3. Баспа картриджін орнына салып, картридж есігін жабыңыз.



4. Электр сымын өнімге қосыңыз.



## Сыртын тазалаңыз

Құрылғының сыртындағы шаңды, дақтарды, жағылғандарды сүртіп тастау үшін жұмсақ және мамық шүберекті пайдаланыңыз.

# Өнімді жаңарту

## Енгізілген бағдарламаны жаңарту

Бұл өнімнің бағдарламалық және аппараттық құралдарын жаңарту және орнату туралы нұсқауларды www.hp.com/support/ljp1560series немесе www.hp.com/support/ljp1600series сайтынан алуға болады. Операциялық жүйені таңдап, **Жүктеулер мен драйверлер** түймесін басыңыз, сосын өнімге арналған жүктеуді таңдаңыз.

# 8 Мәселелерді шешу


- Жалпы ақаулықтарды түзету
- Зауыттық параметрлерді қайтару
- Басқару тақтасындағы жарық үлгілері
- Кептелістерді тазалау
- Қағазды қолдануға қатысты мәселелерді шешу
- Сурет сапасына қатысты мәселелерді шешу
- Өнімділік ақаулықтарын түзету
- Қосылу ақаулықтарын түзету
- Өнімнің бағдарламалық құралына қатысты мәселелерді шешу

# Жалпы ақаулықтарды түзету

Егер өнімнен дұрыс жауап келмесе, келесі тексеру тізімдегі қадамдарды орындаңыз. Егер өнім сол қадамнан өтпесе, келесі ақаулықтарды түзету ұсыныстарын орындаңыз. Егер орындаған қадам ақаулықты түзетсе, сіз тексеру тізімдегі қалған қадамдарды орындамай тоқтануыңызға болады.

## Ақаулықтарды түзетуге арналған тексеру тізімі

1. Өнімнің дайын шамы жанып тұрғанын тексеріңіз. Егер ешқандай шам жанып тұрмаса, келесі қадамдарды орындаңыз:

   **а.** Автоматты өшіру режимін ажырату үшін баспа картриджі есігін ашып, қайтадан жабыңыз.

   **ә.** Электр қорек кабелінің қосылған жерлерін тексеріңіз.

   **б.** Электр қосқышы қосылып тұрғанын тексеріңіз.

   **в.** Желілік кернеу өнімнің қуат конфигурациясына дұрыс екенін тексеріңіз. (Кернеу талаптары жөнінде өнімнің артқы жағындағы белгіден қараңыз.) Егер сіз қуат қалыбын қолданып, оның кернеу талаптары ерекшеліктерге сай болмаса, өнімді тікелей қорек розеткасына қосыңыз. Егер ол қорек розеткасына қосылып тұрған болса, басқа розеткаға қосып көріңіз.

   **г.** Баспа картриджінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

   **ғ.** Егер осы әрекеттердің бірде біреуі көмектеспесе, HP Пайдаланушыға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.

2. Кабельді тексеріңіз.

   **а.** Өнім мен компьютердің немесе желілік порттың арасындағы кабельдің қосылған жерлерін тексеріңіз. Қосылған жерлері мықты екенін тексеріңіз.

   **ә.** Мүмкін болса, кабельдің өзі сау екенін басқа кабельді қолдану арқылы тексеріңіз.

   **б.** Желілік байланысты тексеріңіз. Желілік ақаулықтарды түзету 109-бетте қараңыз.

3. Басқару тақтасындағы шамдардың жанғанын тексеріп алыңыз. Басқару тақтасындағы жарық үлгілері 84-бетте бөлімін қараңыз.

4. Пайдаланылатын қағаздың сипаттамаларға сай екеніне көз жеткізіңіз.

5. Өнімнің бағдарламалық құралының дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

6. Өнімге арналған принтер драйвері орнатылғанын анықтаңыз. Бағдарламаны қарап, осы өнімге арналған принтер драйвері орнатылғанына көз жеткізіңіз.

7. Конфигурация бетін басып шығарыңыз. Ақпараттық беттерді басып шығару 56-бетте қараңыз.

   а. Егер бет басып шығарылмаса, кемінде бір науада қағаздың болуын тексеріңіз.

   ә. Егер қағаз кептеліп қалса, Кептелістерді тазалау 89-бетте қараңыз.

8. Егер конфигурация беті басылып шықса, келесіні тексеріңіз.

   а. Егер бет дұрыс басылып шықпаса, онда ақаулық өнімнің аппараттық құрылғысында болуы керек. HP Пайдаланушыға қолдау көрсету қызметімен байланысыңыз.

   ә. Егер бет дұрыс басылып шықса, онда өнімнің ақпараттық құрылғысы жұмыс істеп тұрғаны. Ақау пайдаланып отырған компьютеріңізде, принтер драйверінде немесе бағдарламада.

9. Жұмыс істеп тұрған басқа бағдарламадан қысқа құжатты басып шығарыңыз. Егер осы мәселені шешіп берсе, пайдаланылып отырған бағдарлама дұрыс істемейді. Егер басылып шықпаса, келесі қадамдарды орындаңыз:

   а. Тапсырманы өнімнің бағдарламалық жасақтамасы орнатылған басқа бір компьютерден басып шығарып көріңіз.

   ә. Егер өнімді желіге қосқан болсаңыз, онда ол өнімді компьютерге тікелей USB кабелімен қосыңыз. Өнімді тиісті портқа бағыттаңыз немесе сіз қолданып отырған жаңа қосылу түрін таңдап, бағдарламалық құралдарды қайта орнатыңыз.

   б. Егер баспа сапасы қанағаттанарлық болмаса, мына қадамдарды аяқтаңыз:

      - Баспа параметрлерінің пайдаланылатын баспа құралына сәйкес келетінін тексеріңіз. Баспа құралының түрі мен өлшеміне сәйкестендіру үшін басып шығару драйверін өзгерту 35-бетте бөлімін қараңыз.

      - Баспа сапасына қатысты мәселелерді шешу үшін Сурет сапасына қатысты мәселелерді шешу 101-бетте ішіндегі іс рәсімдерін пайдаланыңыз.

## Өнімнің тиімділігіне әсер ететін жағдайлар

Тапсырманы басып шығару уақытына әсер ететін бірнеше жайт бар:

- Өнімнің бір минутта шығаратын бет санымен (бет/мин) өлшенетін ең жоғарғы жылдамдығы
- Арнайы қағаз пайдалану үшін (мысалы: диапозитив, қалын қағаз және өзгекртілмелі өлшемді қағаз)
- Өнімнің өңдеу және жүктеу уақыты
- Графика құрамының күрделілігі мен көлемі
- Пайдаланып отырған компьютердің жылдамдығы
- USB байланысы

- Өнімнің I/O конфигурациясы
- Желілік операциялық жүйесі мен конфигурациясы (егер қатысы бар болса)

# Зауыттық параметрлерді қайтару

Өнімнің қауыттық параметрлерін қайтару үшін осы қадамдарды орындаңыз.

1. Өнімді өшіріңіз.

2. Өнімді қосыңыз, іске қосылғанда барлық шамдар бірге жыпылықтағанда басқару тақтасының батырмаларын басып тұрыңыз.

# Басқару тақтасындағы жарық үлгілері

**Кесте 8-1 Күй шамының шартты белгісі**

| | |
|---|---|
|  | «Шам сөнулі»[1] таңбасы |
|  | «Шам жанулы»[1] таңбасы |
|  | «Шам жыпылықтап тұр»[1] таңбасы |

[1] Басқару тақтасының таңбалары мен шамдарының сипаттамасын Басқару тақтасының орналасуы 8-бетте ішінен қараңыз.

**Кесте 8-2 Басқару тақтасы шамдары**

| Жарық жағдайы | Шам үлгілері | Өнім күйі | Әрекет |
|---|---|---|---|
| Барлық шамдар өшулі<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы өшулі. |  | Өнім Автосөну режимінде немесе өшулі. | Автосөну режимін тоқтату немесе өнімді қосу үшін қуат түймесін басыңыз. |

**Кесте 8-2 Басқару тақтасы шамдары (жалғасы)**

| Жарық жағдайы | Шам үлгілері | Өнім күйі | Әрекет |
|---|---|---|---|
| Барлық шамдар өшулі<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Пішімдегіш өнімге дұрыс қосылмаған. | 1. Өнімді өшіріңіз.<br>2. 30 секунд күтіңіз де, өнімді қайта қосыңыз.<br>3. Өнім жұмысының басталуын күтіңіз.<br><br>HP тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз. Тұтынушыларды қолдау 127-бетте бөлімін қараңыз. |
| Ескерту, дайын және өту шамдары кезектесіп жануда. Тонер шамы өшулі.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Пішімдегі жұмысы басталуда. | Ешқандай әрекет қажет емес. Жұмыс басталу мезгілінің аяқталуын күте тұрыңыз. Жұмыс басталу мезгілі аяқталғаннан кейін өнім дайындық күйіне кіреді. |
| Барлық шамдардың кезектесіп жанады.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Өнім тазалағыш бетті өңдеуде. | Ешқандай әрекет қажет емес. Тазалау мезгілінің аяқталуын күте тұрыңыз. Тазалау мезгілі аяқталғаннан кейін өнім дайындық күйіне кіреді. |

**Кесте 8-2 Басқару тақтасы шамдары (жалғасы)**

| Жарық жағдайы | Шам үлгілері | Өнім күйі | Әрекет |
|---|---|---|---|
| Дайындық жарығы жанып тұр, басқа жарықтар өшулі.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Өнім дайын күйде. | Ешқандай әрекет қажет емес. Өнім басып шығару тапсырмасын қабылдауға дайын. |
| Дайын шамы жыпылықтап тұр және басқа жарықтар өшулі.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Өнім деректерді қабылдауда немесе өңдеуде. | Ешқандай әрекет қажет емес. Өнім басып шығару тапсырмасын қабылдауда немесе өңдеуде.<br><br>Ағымдағы тапсырмадан бас тарту үшін бас тарту түймесін басыңыз. |
| Ескерту шамы жыпылықтап тұр, басқа шамдар өшулі.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Кептелу, қақпақтың дұрыс жабылмауы, баспа картриджінің болмауы немесе керекті науада қағаздың болмауы сияқты өнімнің өзінде түзетілетін қате пайда болды. | Өнімді қарап шығып, қатені анықтаңыз да, сол қатені түзетіңіз. Егер қатенің себебі қағаздың керекті науада болмауы немесе өнім қағазды қолмен салу күйіне орнатылғаны болса, қағазды қажетті науаға салып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз немесе баспа картридж қақпағын ашып, қайта жабыңыз. |

**Кесте 8-2 Басқару тақтасы шамдары (жалғасы)**

| Жарық жағдайы | Шам үлгілері | Өнім күйі | Әрекет |
|---|---|---|---|
| Ескерту шамы жыпылықтап тұр, дайын шамы жанулы және басқа шамдар өшулі.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Өнімде өздігінен қалпына келетін қайталанбалы қате пайда болды. | Қатеден қалпына келтіру үшін және күнді басып шығару үшін өту түймесін басыңыз.<br><br>Егер сәтті дұрысталса, өнім деректерді өңдеу күйіне жалғасып, тапсырманы аяқтайды.<br><br>Егер дұрысталу сәтсіз болса, өнім қайталанбалы қате күйіне жалғасады. Деректер жолағынан деректерді жойып, өнімді өшіріңіз де, оны тағы қосып көріңіз. |
| Ескерту, дайын және өту шамдары жанулы. Тонер шамы өшулі.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Өнімде өздігінен қалпына келмейтін түзетілмес қате пайда болды. | 1. Өнімді өшіріңіз.<br>2. 30 секунд күтіңіз де, өнімді қайта қосыңыз.<br>3. Өнім жұмысының басталуын күтіңіз.<br><br>Егер қате кетпесе, HP тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз. Тұтынушыларды қолдау 127-бетте бөлімін қараңыз. |

**Кесте 8-2 Басқару тақтасы шамдары (жалғасы)**

| Жарық жағдайы | Шам үлгілері | Өнім күйі | Әрекет |
|---|---|---|---|
| Дайын және тонер шамдары жанулы.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Баспа картриджінің қызмет көрсету мерзімі аяқталуда. | Жаңа баспа картриджін сатып алып, оны орнатыңыз. Бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру 116-бетте бөлімін қараңыз. |
| Тонер шамы жыпылықтап тұр.<br><br>**ЕСКЕРІМ:** Қуат түймесінің шамы жанулы. |  | Баспа картриджі өнімнен шығарып алынған. | Баспа картриджін өнімге қайта салыңыз. |

# Кептелістерді тазалау

Кептелген қағазды жыртып алмай, ақырын алыңыз. Егер қағаздың кішкене бөлігі өнімнің ішінде қалып қойса, ол тағы қағаздың кептелуіне себеп болуы мүмкін.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Кептелуді тазалау алдында өнімді өшіріп, қуат көзі кабелін ажыратыңыз.

## Кептелудің әдеттегі себептері

- Беруші науалар дұрыс толтырылмаған немесе асыра толтырылған.

  **ЕСКЕРІМ:** Жаңа баспа құралын қосқан кезде, оны әрқашан науадан алып жинақты тураланыз. Бұл көптен берілуді және баспа құралының кептелуін болдырмауға көмектеседі.

- Баспа құралы HP ерекшеліктеріне сәйкес емес.
- Қағаздың қалдықтарын және басқа бөліктерді қағаз жолынан алып тастау үшін өнімді тазалау керек.

Бос тонер баспа құралы кептелгеннен кейін өнімде қалып кетеді. Бұл тонер біраз қағаз басылып шыққаннан кейін тазаланады.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Егер тонерді киіміңізге немесе қолыңызға тигізіп алсаңыз, оларды суық сумен жуыңыз. *Ыстық су тонерді матаға сіңдіреді*.

## Кептелу орындары

Өнімнің мына жерлерінде кептелу болуы мүмкін.




| | |
|---|---|
| 1 | Ішкі аумақтар |
| 2 | Кіріс науалары |
| 3 | Шығару қалталары |
| 4 | Артқы есік пен дуплексер (HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы) |

## Кіріс науасындағы кептелістерді тазалау

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Кептелгенді алу үшін пинцет немесе үшкір кемпірауыз сияқты үшкір заттарды пайдаланбаңыз. Үшкір заттардан пайда болған зақым кепілдікте қамтылмаған.

Кептелген баспа құралын алғанда, кептелген баспа құралын өнімнен тіке тартыңыз. Кептелген баспа құралын қандай да бір бұрышпен тартудан өнімге зақым келуі мүмкін.

**ЕСКЕРІМ:** Қағаздың кептелген орнына байланысты мына қадамдардың кейбірі қажетсіз болуы мүмкін.

1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.



2. Негізгі кіріс науасындағы немесе бірінші кезекті кіріс ұясынан баспа құралының дестесін алыңыз.



3. Екі қолыңызбен кептелген баспа құралының көрініп тұрған жерінен (ортасынан да) ұстап, өнімнен абайлап еркін тартыңыз.



4. Баспа картриджін орнына салып, есігін жабыңыз.



## Қосымша дуплекстеушіден кептелген қағазды шығару

**ЕСКЕРІМ:** Тек HP LaserJet Professional P1600 принтер сериясы сериясында автоматты дуплексер бар.

1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.



2. Артқы есікті ашыңыз.



3. Кептелген қағазды ұстап, өнімнен ақырын шығарыңыз



4. Артқы есікті жабыңыз.



5. Баспа картриджін орнына салып, есігін жабыңыз.



## Шығару аумақтарын кептелуден тазалау

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Кептелгенді алу үшін пинцет немесе үшкір кемпірауыз сияқты үшкір заттарды пайдаланбаңыз. Үшкір заттардан пайда болған зақым кепілдікте қамтылмаған.

1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.



2. Баспа картриджінің есігін екі қолыңызбен ашыңыз, содан кейін кептелген баспа құралының жақсы көрінетін (ортасынан) жағынан ұстап, оны өнімнен абайлап шығарып алыңыз.



3. Баспа картриджін орнына салып, есігін жабыңыз.



## Өнімнің ішіндегі кептелістерді тазалау

1. Баспа картриджінің есігін ашып, баспа картриджін шығарып алыңыз.



⚠ **ЕСКЕРТУ:** Зақымдануға жол бермеу үшін баспа картриджін жарыққа шығармаңыз. Оны қағазбен жабыңыз.

2. Егер сіз кептелген қағазды көрсеңіз, кептелген қағазды байқап ұстап, оны өнімнен абайлап шығарып алыңыз.

**ЕСКЕРІМ:** Егер кептелген қағазды көрмесеңіз, келесі қадамға өтіңіз.

Егер кептелген қағазды алып тастасаңыз, келесі қадамды өткізіп жіберіңіз.



3. Жасыл жиекбелгіні басып кептелген жердің есігін ашыңыз, кептелген қағазды ұстап, өнімнен шығарыңыз.



4. Баспа картриджін орнына салып, есігін жабыңыз.



## Қайталанатын кептелулерді шешу

- Кіріс науасының толмағанын тексеріңіз. Кіріс науасының сыйымдылығы қолданып отырған баспа құралының түріне қарай өзгереді.
- Баспа құралын реттегіштердің дұрыс қойылғанын тексеріңіз.
- Кіріс науасының орнында нық тұрғанын тексеріңіз.
- Өнім басып шығарып жатқанда кіріс науасына баспа құралын қоспаңыз.
- Тек HP компаниясы ұсынған баспа құралдарының түрлері мен өлшемдерін пайдаланыңыз.
- Науаға салғанша баспа құралдарын парақтамаңыз. Бума қағаздың арасын ашу үшін екі қолыңызбен мықтап ұстаңыз да қолдарыңызбен кері бағытқа қарай бұрау арқылы қайырыңыз.
- Баспа құралдарының шығару науасында жиналып қалуына мүмкіндік бермеңіз. Қолданылатын баспа құралының түрі және тонердің мөлшері шығыс қалтасының сыйымдылығына әсер етеді.
- Қуат көзіне жалғанғанын тексеріңіз. Электр сымының өнім мен қуат көзіне берік жалғанғанына көз жеткізіңіз. Электр сымын жерге қосылған электр розеткасына жалғаңыз.

## Кептелуді тазалау параметрін өзгерту

Кептелу орнын басу мүмкіндігі қосылғанда өнім кептелу барысында зақымдалған бетті қайта басады.

1. Өнімнің «Қасиеттер» диалогтық терезесін ашыңыз.
2. **Құрылғы параметрлері** жиекбелгісін басыңыз.
3. **Авто** немесе **Өшірулі** параметрін **Кептелуді тазалау** астынан таңдаңыз.

# Қағазды қолдануға қатысты мәселелерді шешу

Баспа құралына қатысты төмендегі мәселелер баспа сапасының ауытқуына, кептелуге себеп болуы немесе өнімді зақымдауы мүмкін.

| **Проблема** | **Себеп** | **Шешім** |
|---|---|---|
| Баспа сапасының немесе тонер жұғуының нашарлығы | Қағаз өте ылғал, өте бұдыр, өте тығыз, бедерлі немесе зақым келген. | Шеффилд шкаласы бойынша 100 бен 250 аралығындағы ылғалдығы 4 % - 6 % болатын басқа қағаз түрін қолданып көріңіз. |
| Түсіп қалу, кептелу немесе бұралу | Қағаз дұрыс сақталмаған. | Қағазды өзінің ылғалға төзімді орауышында жазық күйде сақтаңыз. |
| | Қағаздың бір жағы мен екінші жағында айырмашылық бар. | Қағазды аударыңыз. |
| Шектен тыс бұралу | Қағаз тым ылғалды, түйірлілігі қате немесе келте. | Ұзын талшықты қағазды пайдаланыңыз. |
| | Қағаздың екі жағы екі түрлі. | Қағазды аударыңыз. |
| Кептелу, өнімді зақымдау | Қағазда қиықтар немесе тесіктер бар. | Қиықтары немесе тесіктері жоқ қағазды пайдаланыңыз. |
| Қағаз беру проблемалары | Қағаздың шеттері тегіс емес. | Лазер принтерлеріне арналған жоғары сапалы қағазды пайдаланыңыз. |
| | Қағаздың екі жағы екі түрлі. | Қағазды аударыңыз. |
| | Қағаз тым ылғалды, тым қалың, тым ауыр не тым тегіс, түйірлілігі қате не келте, не болмаса ол ісініп кеткен не ақаулы қағаздар дестесінен алынған. | Шеффилд шкаласы бойынша 100 бен 250 аралығындағы ылғалдығы 4 % - 6 % болатын басқа қағаз түрін қолданып көріңіз. |
| | | Ұзын талшықты қағазды пайдаланыңыз. |
| Баспа қисық. | Баспа құралының бағыттаушылары қате реттелген болуы мүмкін. | Науадан барлық баспа құралдарын алыңыз, жинақты тураланыңыз және баспа құралын науаға қайта салыңыз. Пайдаланып жатқан баспа құралының ені мен ұзындығын дұрыстаңыз және қайта басып шығарып көріңіз. |
| Бір уақытта бірнеше бет беріледі. | Науаларға көп салынып кетуі мүмкін. | Науадан бірнеше баспа құралын алып тастаңыз. |
| | Баспа құралы умаждалған, бүктелген немесе бұзылған болуы мүмкін. | Баспа құралының умаждалған, бүктелген немесе бұзылған болмауына көз жеткізіңіз. Жаңа немесе басқа пакеттегі баспа құралымен басып шығарып көріңіз. |

| Проблема | Себеп | Шешім |
|---|---|---|
| Өнім баспа құралын кіріс науасынан тартып алмайды. | Өнім қолмен беру режимінде тұруы мүмкін. | Өнімнің қолмен беру режимінде тұрмағанын тексеріңіз, содан кейін тапсырманы қайта басып шығарыңыз. |
| | Тартушы ролик кірленген немесе бұзылған болуы мүмкін. | HP тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Қызмет және қолдау 119-бетте сайтын немесе қорапта бірге келетін қолдау көрсету қағазын қараңыз. |
| | Негізгі кіріс науасындағы қағаздың ұзындығын реттеу тұтқасы баспа құралының өлшемінен үлкен ұзындыққа қойылған. | Қағаз ұзындығын реттеу тұтқасын тиісті ұзындыққа қойыңыз. |

# Сурет сапасына қатысты мәселелерді шешу

Баспа сапасына байланысты ақаулықтардың көбісін келесі нұсқауларды орындау арқылы алдын алуыңызға болады.

- HP ерекшеліктеріне сай қағазды пайдаланыңыз. Қағаз және баспа медиасы 31-бетте қараңыз.
- Өнімді қажеті бойынша тазалап тұрыңыз. Қағаз жолын тазалау 75-бетте қараңыз.

## Сурет ақаулықтарының мысалдары

Бұл бөлімде баспа ақауларын анықтау және түзету туралы ақпарат беріледі.

**ЕСКЕРІМ:** Егер бұл қадамдар проблеманы жоймаса, HP компаниясының өкілетті дилерімен немесе техникалық қызмет өкілімен хабарласыңыз.

### Басылған бейне ашық немесе өңсіз шығады




- Баспа картриджінің қызмет мерзімі бітуге жақын.
- Пайдалану мерзімін ұзарту үшін тонерді біркелкі етіп қайта таратыңыз. Тонерді қайта үлестіру 65-бетте бөлімін қараңыз.
- Баспа құралдары Hewlett-Packard компаниясы баспа құралдары үшін белгілеген техникалық шарттарға сай болмауы мүмкін (мәселен, баспа құралдары тым ылғалды немесе тым қалың).
- Егер бүкіл бет ашық түсті болып шықса, баспа тығыздығы тым ашық болып белгіленген немесе EconoMode режимі қосылып қалған болуы мүмкін. Баспа тығыздығын реттеп алып, принтер Қасиеттері бетіндегі EconoMode режимін өшіріңіз.

### Тонер нүктелері




- Баспа құралдары Hewlett-Packard компаниясы баспа құралдары үшін белгілеген техникалық шарттарға сай болмауы мүмкін (мәселен, баспа құралдары тым ылғалды немесе тым қалың).
- Өнімді тазалау қажет болуы мүмкін. Өнімді тазалау 74-бетте бөлімін қараңыз.
- Баспа картриджі зақымданған болуы мүмкін. Жаңа түпнұсқа HP баспа картриджін салыңыз.

## Беттің кейбір жерлеріне бейне басылмаған




- Баспа құралының бір парағы ақаулы болуы мүмкін. Тапсырманы қайтадан басып шығарып көріңіз.
- Баспа құралының ылғалдығы тегіс таралмаған немесе баспа құралының бетінде ылғалды жерлер бар. Жаңа баспа құралына басып шығарып көріңіз.
- Баспа құралдарының тобы ақаулы болуы мүмкін. Өндіріс барысында кейбір жерлер тонерді қабылдамайтын болып болуы мүмкін. Түрі немесе сауда белгісі басқа бір баспа құралын пайдаланып көріңіз.
- Өнімді дыбыссыз режимге қойып, баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз. Дыбыссыз режим параметрлері 63-бетте бөлімін қараңыз.
- Баспа картриджі зақымданған болуы мүмкін. Жаңа түпнұсқа HP баспа картриджін салыңыз.

## Тік сызықтар




Баспа картриджіндегі жарық сезетін барабанның беті сызылған болуы мүмкін Жаңа түпнұсқа HP баспа картриджін салыңыз.

## Беттің фоны сұр болып шығады




- Баспа құралдарын жеңілірек түріне ауыстырыңыз.
- Өнімнің тұрған ортасын тексеріңіз. Өте құрғақ (төмен ылғалдылық) жағдайлары көлеңкенің мөлшерін көбейтуі мүмкін.
- Тығыздық параметрі тым жоғары болуы мүмкін. Тығыздық параметрін дұрыстаңыз.
- Жаңа түпнұсқа HP баспа картриджін салыңыз.

## Тонер айғыздалып шығады



- Егер тонер баспа құралдарының принтер ішіне бірінші кіретін шетіне жағылып шықса, баспа құрал бағыттаушылары кірленген болуы мүмкін. Баспа құралы бағыттаушыларын құрғақ, тегіс матамен сүртіңіз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.
- Тонердің термиялық құрылғысының температурасы тым төмен болуы мүмкін. Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- Өнімді дыбыссыз режимге қойып, баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз. Дыбыссыз режим параметрлері 63-бетте бөлімін қараңыз.
- Жаңа түпнұсқа HP баспа картриджін салыңыз.

## Бос тонер



- Термофиксатордың температурасы тым төмендеп кетуі мүмкін. Принтеріңіздің драйверінде тиісті баспа құралының таңдалғанын тексеріңіз.
- Өнімнің ішін тазалаңыз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.
- Өнімді дыбыссыз режимге қойып, баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз. Дыбыссыз режим параметрлері 63-бетте бөлімін қараңыз.
- Принтерді желілік фильтрдің орнына тікелей айнымалы ток көзіне қосыңыз.

## Қайталанатын тік ақаулар



- Баспа картриджі зақымданған болуы мүмкін. Егер беттің бір жерінде белгі қайталана берсе, жаңа түпнұсқа HP баспа картриджін орнатыңыз.
- Принтердің ішкі бөлшектерінде тонер болуы мүмкін. Егер ақаулар парақтың артқы бетінде шықса, бұл проблема бірнеше бет басып шығарылғаннан кейін өздігінен жоғалуы мүмкін.
- Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз.

## Таңбалар дұрыс қалыптаспаған




- Егер таңбалар дұрыс қалыптаспай, соның салдарынан бейне бұзылып шықса, баспа құралдарының дестесі тым тайғанақ болуы мүмкін. Баспа құралының басқа бір түрін пайдаланып көріңіз.
- Егер таңбалар дұрыс салынбай, толқынды әсер пайда болса, өнімді жөндету керек. Реттеу бетін басып шығарыңыз. Егер таңбалар дұрыс түспесе, HP өкілетті дилеріне немесе қызмет көрсету орталығының өкіліне хабарласыңыз.

## Бет қисық шығады




- Баспа құралдарының науаға дұрыс салынғанына және баспа құралы бағыттаушылары баспа құралдары дестесін тым қатты немесе тым бос ұстамайтынына көз жеткізіңіз.
- Беруші науа асыра толтырылған болуы мүмкін.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.

## Парақ бұралып немесе толқынданып шығады




- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз. Жоғары температура мен жоғары ылғалдылық баспа құралдарының бұралуына әкеліп соғуы мүмкін.
- Баспа құралдары беруші науада тым ұзақ тұрған болуы мүмкін. Науадағы баспа құралдары дестесін аударыңыз. Сондай-ақ, баспа құралдарын 180° градусқа айналдырып көріңіз.
- Өнімді дыбыссыз режимге қойып, баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз. Дыбыссыз режим параметрлері 63-бетте бөлімін қараңыз.
- Тонердің термиялық құрылғысының температурасы тым жоғары болуы мүмкін. Принтер драйверінде баспа құралының түрі дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз. Егер проблема жойылмаса, мөлдір ұлдір не жеңіл баспа құралдары сияқты төменірек термиялық құрылғы температурасын талап ететін баспа құралы түрін таңдаңыз.

## Умаждалу немесе бүгілу




- Баспа құралдары науа ішіне дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз.
- Баспа құралдарының түрі мен сапасын тексеріңіз.
- Науадағы баспа құралдары дестесін аударыңыз. Сондай-ақ, баспа құралдарын 180° градусқа айналдырып көріңіз.
- Өнімді дыбыссыз режимге қойып, баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз. Дыбыссыз режим параметрлері 63-бетте бөлімін қараңыз.
- Конверттерде бұл конверт ішінде жабылып қалған ауадан пайда болуы мүмкін. Конвертті шығарып, жазыңыз және содан кейін қайтадан басып шығарып көріңіз.

## Таңбаның айналасына тонер шашырап шығады




- Егер тонердің көп мөлшері таңбалардың айналасында шашыраңқы болса, тонердің баспа құралына берілуі дұрыс емес (лазерлі принтер үшін аз тонер қалыпты болып есептеледі). Принтер драйверіндегі басқа баспа құралының түрін қолданып көріңіз немесе басқа баспа құралының түрін пайдаланыңыз.
- Науадағы баспа құралдары дестесін аударыңыз.
- Лазерлі принтерлерге арналған баспа құралдарын пайдаланыңыз.
- Өнімді дыбыссыз режимге қойып, баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз. Дыбыссыз режим параметрлері 63-бетте бөлімін қараңыз.

## Ылғалдылық






**ЕСКЕРІМ:** Бұл өнім конвективті салқындату арқылы қызуды таратады. Басып шығару кезінде пайда болатын қызу мен ылғал өнімнің сыртындағы желдету тесіктері немесе шығыс кәрзеңкесі аумағы арқылы кетіп қалады.

Конвективті салқындатудан пайда болған су тамшылары өнімді зақымдамайды.

**Өнімнің қалыпты жұмыс істеуін тексеру**

Ылғалдың шығуы өнімнің қалыпты жұмыс істеу нәтижесінде болады. Дегенмен, HP компаниясы өнімнің бу шығарып, оның жұмысында ақаудың болмайтынына көз жеткізу үшін мына қадамдарды пайдалануды ұсынады.

1. Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.
2. Басып шығару тапсырмасын өнімге жіберіп, өнімнің дұрыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Тапсырманы басып шығару кезінде бу көрінсе, сол қағазды пайдаланып, тапсырманы бірден қайта басып шығарыңыз. Будың көрінбеуі керек немесе басып шығару үрдісі кезінде будың аз болуы керек.

### Буды шектеу немесе азайту

- Өнімнің осы нұсқаулықтағы орта ерекшеліктеріне сай келетін жақсы желдетілетін жерге қойылғанына көз жеткізіңіз. Қоршаған ортаның ерекшеліктері 131-бетте бөлімін қараңыз.
- Температураның өзгеруі ылғалдылықты арттыратын сыртқы есіктің жанына өнімді орналастырмаңыз немесе қағазды сақтамаңыз.
- Жоғары ылғал әсеріне ұшырамаған қағаздың ашылмаған дестесін пайдаланыңыз.
- Қағазды ылғалды аз сіңіретін ауа өтпейтін контейнерде сақтаңыз.
- Өнімді дыбыссыз режимге қойып, баспа тапсырмасын қайта жіберіңіз. Дыбыссыз режим параметрлері 63-бетте бөлімін қараңыз.

# Суреттің сапасын оңтайландыру және жақсарту

## Баспа тығыздығын өзгерту

Принтер ерекшеліктерінің диалогтық терезесінен баспа тығыздығының параметрін өзгертуге болады.

1. **Windows XP, Windows Server 2008** және **Windows Server 2003 (әдепкі «Бастау» мәзірі арқылы): Бастау** түймесін басып, **Принтерлер және факстар** параметрін таңдаңыз.

   **–немесе–**

   **Windows XP, Windows Server 2008** және **Windows Server 2003 (классикалық «Бастау» мәзірі арқылы): Бастау** түймесін басып, **Принтерлер** параметрін таңдаңыз.

   **–немесе–**

   **Windows Vista Start** (Бастау) мәзіріндегі **Control Panel** (Басқару тақтасы) тармағын нұқып, одан кейін **Hardware and Sound** (Аппараттық құралдар және Дыбыс) санатында **Printer** (Принтер) тармағын таңдаңыз.

2. Принтер тізімінен осы өнімнің атауын тінтуірдің оң жақ түймесімен басыңыз, содан кейін принтер ерекшеліктерінің диалогтық терезесін ашу үшін **Ерекшеліктер** мәзірін таңдаңыз.

3. **Құрылғы параметрлері** жиекбелгісін басып, **Баспа тығыздығы** сырғытпасын қажетті параметрге жылжытыңыз.

4. Параметрді қабылдау үшін **Қолдану** түймесін, сосын диалогтық терезені жабу үшін **OK** түймесін басыңыз.

# Өнімділік ақаулықтарын түзету

| Мәселе | Себеп | Шешім |
|---|---|---|
| Беттер басылып шығады, бірақ толығынан таза. | Баспа картридждерінің бітеуші таспасы шешілмеген болар. | Бітеуші таспаның баспа картридждерінен толықтай алынғандығын тексеріңіз. |
| | Құжат құрамында таза беттер болуы мүмкін. | Басып отырған құжатыңызды беттердің барлығында да болуын қадағалаңыз. |
| | Өнім ақаулы болуы мүмкін. | Өнімді тексеру үшін, Конфигурациялау бетін басып шығарыңыз. |
| Беттер тым баяу басылып шығарылады. | Қалыңдау қағаз басып шығару операциясын баяулатуы мүмкін. | Өзге түрлі қағазды қолданып көріңіз. |
| | Құрастырмалы беттер баяу басылуы мүмкін.<br><br>Жіңішке немесе кішкентай баспа құралы баяу басылып шығады. | Ең жақсы баспа сапасын қамтамасыз ету үшін қажетті термобекіту баяу баспа жылдамдығын қажет етуі мүмкін. |
| Беттер басылып шығарылмады. | Өнім қағазды дұрыс тартпай тұруы мүмкін. | Қағаздың науаға дұрыс салынғанадығына көз жеткізіңіз. |
| | Қағаз өнімнің ішінде кептелді. | Кептелуді тазартыңыз. Қараңыз Кептелістерді тазалау 89-бетте. |
| | USB кабелі ақаулы немесе дұрыс жалғанбаған болуы мүмкін. | • USB кабелін екі жағынан да ажыратып, қайта жалғаңыз.<br>• Соңғы басылған тапсырманы басып шығарып көріңіз.<br>• Өзге USB кабелін пайдаланып көріңіз. |
| | Компьютеріңізде өзге құрылғылар қосылған. | Өнім USB портын ортақ пайдаланбауы мүмкін. Сізде өнімдікіне ұқсас портқа жалғанған ішкі қатқыл диск немесе желілік меңзерлі ауыстырғыш орнатылған жағдайда өзге құрылғы кедергі жасауы мүмкін. Өнімді жалғап, пайдалану үшін Сіз өзге құрылғыны ажыратуыңыз немесе компьютердің екі портын пайдалануыңыз керек. |

# Қосылу ақаулықтарын түзету

**ЕСКЕРІМ:** Өнімнің зауыттық параметрлерін қалпына келтіріңіз. Зауыттық параметрлерді қайтару 83-бетте бөлімін қараңыз. Егер ақау кетпесе осы бөлімдегі шешімдерді көріңіз.

## Тікелей жалғау ақаулықтарын түзету

Егер сіз өнімді компьютерге тікелей қоссаңыз, кабельді тексеріңіз.

- Кабель компьютерге және өнімге жалғанғандығын тексеріңіз.
- Кабельдің 2 метрден ұзын емес екендігін тексеріңіз. Қажет болса, кабельді ауыстырыңыз.
- Кабельдің дұрыс жұмыс істейтінін басқа бір өнімге қосып тексеріңіз. Қажет болса, кабельді ауыстырыңыз.

## Желілік ақаулықтарды түзету

**ЕСКЕРІМ:** Бөлімдегі іс рәсімдерін орындамастан бұрын, өнімнің зауыттық әдепкі параметрлерін қалпына келтіріңіз. Зауыттық параметрлерді қайтару 83-бетте бөлімін қараңыз.

Өнім желімен байланысып тұрғанын анықтау үшін келесіні тексеріңіз. Бастар алдында конфигурация бетін басып шығарыңыз. Ақпараттық беттерді басып шығару 56-бетте қараңыз.

1. Жұмыс компьютердің немесе файл серверінің және өнімнің арасында физикалық байланыс ақаулығы бар ма?

   Желілік кабелдің, байланыстардың және маршрутизатордың конфигурациялары дұрыс екенін тексеріңіз. Желілік кабельдің ұзындықтары желінің ерекшеліктеріне сай екенін тексеріңіз.

2. Желілік кабельдер дұрыс жалғанды ма?

   Өнім желіге тиісті порт және кабель арқылы жалғанғанын тексеріңіз. Әр кабельдің жалғанған жері мықты және дұрыс екенін тексеріңіз. Егер ақаулық шешілмесе, концентраторға немесе трансиверге басқа кабельді немесе портты қолданып көріңіз. Өнімнің артқы жағындағы портқа қосатын жердегі сарғыш түсті жұмыс шамы және жасыл түсті мәртебе шамы жанып тұру керек.

3. Байланыс жылдамдығы мен дуплекс параметрлері дұрыс қойылған ба?

   Hewlett-Packard компаниясы сол параметрді автоматты режимде (стандартты режим) қалдыруды ұсынады.

4. Өнімнің байланысын «ping» пәрменімен тексере аласыз ба?

   Пәрмен жолын ашып, компьютеріңізден өнімнің байланысын тексеріңіз. Мысалы:

   ```
   ping 192.168.45.39
   ```

   Ping пәрмені айналып қайту уақытын көрсететініне көз жеткізіңіз.

Егер өнімнің байланысы өтіп тұрса, онда компьютеріңіздегі өнімнің IP адрес конфигурациясы дұрыс екенін тексеріңіз. Егер ол дұрыс болса, өнімді жойып, қайта қосыңыз.

Егер ping пәрмені байланыса алмаса, желілік концентраторлардың қосулы екенін тексеріңіз. Содан соң, желілік теңшеулердің, өнімнің және компьютердің конфигурациялары сол желіге бапталғанын тексеріңіз.

Егер желідегі басқа құрылғыларға арналған ping пәрмені сәтті болғанын тексеріңіз, (егер олай болмаса, желіаралық қалқан ping пәрменіне тыйым салады).

Компьютердің өніммен байланысып тұрғанын тексеру үшін енгізілген веб-серверді ашып көріңіз.

5. Желіге ешқандай бағдарламалық жасақтар қосылған жоқ па?

   Оларға желіде қолдау көрсетілетінін және олар дұрыс принтер драйверлерімен орнатылғанын тексеріңіз.

6. Басқа пайдаланушылар басып шығара ала ма?

   Ақаулық жұмыс компьютеріңізге байланысты болуы мүмкін. Жұмыс компьютеріңіздің желілік драйверлерін, принтер драйверлерін және бағытты өзгерту мүмкіндігін тексеріңіз (Novell NetWare жасақтамасында ұсталады).

7. Егер басқа пайдаланушылар басып шығара алса, олар дәл сол желілік операциялық жүйені қолданып отыр ма?

   Жүйеңіздегі желілік операциялық жүйеңіздің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

8. Протокол қосулы ма?

   Конфигурация бетінен протоколыңыздың күйін тексеріңіз. Сонымен қатар, енгізілген веб-сервер арқылы басқа протоколдардың күйін тексеруге болады. Енгізілген веб-сервер бөлімдері 59-бетте бөлімін қараңыз.

9. Өнім HP Web Jetadmin немесе басқа басқару бағдарламалық құралында көріне ме?

   - Конфигурация бетінде желілік параметрлерді тексеріңіз.
   - Өнімнің басқару тақтасынан (басқару тақталары бар өнімдерге арналған) желілік параметрлерін растаңыз.

# Өнімнің бағдарламалық құралына қатысты мәселелерді шешу

## Жалпы кездесетін Windows жүйесіндегі мәселелер

**Қателік туралы хабарлама:**

**«General Protection FaultException OE» («Жалпы қорғаныстың бұзылуыЕрекшелік OE»)**

**«Spool32»**

**«Illegal Operation» («Заңсыз операция»)**

| Себеп | Шешім |
|---|---|
| | Барлық бағдарламаларды жауып, Windows қайтадан қосып, әрекетті қайталаңыз.<br><br>Temp шағын каталогындағы барлық уақытша файлдарды жойыңыз. AUTOEXEC.BAT файлын ашып, «Set Temp =» операторын іздеу арқылы каталогтың атауын анықтаңыз. Осы оператордан кейінгі атау Temp каталогы болып табылады. Ол әдепкі мән бойынша C:\TEMP болады, бірақ қайтадан анықталуы мүмкін.<br><br>Windows қателік туралы хабарламалар жайлы қосымша ақпарат алу үшін компьютермен бірге келген Microsoft Windows құжаттамасын қараңыз. |

# **Macintosh** ақаулықтарын түзету

**Кесте 8-3 Mac OS X мәселелері**

**Принтердің драйвері «Принтерді орнату» утилитасы немесе «Баспа & факсы» тізімінде берілмеген.**

| **Себеп** | **Шешім** |
|---|---|
| Өнімнің бағдарламалық құралы орнатылмаған болар немесе дұрыс орнатылмаған. | Өнімнің .GZ файлының төмендегі қатты диск папкасында екеніне көз жеткізіңіз:<br>• **Mac OS X v10.4:** `Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj`, мұндағы <lang> пайдаланылатын тілге арналған екі әріпті код болып табылады.<br>• **Mac OS X v10.5 және v10.6:** `Library/Printers/PPDs/Contents/Resources`<br>Қажет болса, бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. |
| PostScript Принтер ерекшелігі (PPD) файлында ақаулық бар. | Төмендегі қатты диск папкасынан GZ файлын жойыңызъ:<br>• **Mac OS X v10.4:** `Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj`, мұндағы <lang> пайдаланылатын тілге арналған екі әріпті код болып табылады.<br>• **Mac OS X v10.5 және v10.6:** `Library/Printers/PPDs/Contents/Resources`<br>Бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. |

**Өнімнің атауы «Принтерді орнату» утилитасы немесе «Баспа & факсы» тізіміндегі өнімдер тізіміне шықпайды.**

| **Себеп** | **Шешім** |
|---|---|
| Өнім дайын болмауы мүмкін. | Кабельдер мен өнімнің дұрыс қосылғанына және дайын шамының жанғанына көз жеткізіңіз. |
| Өнімнің дұрыс атауы пайдаланылмауда. | Өнімнің атауын тексеру үшін конфигурациялық бетті басып шығарыңыз. Конфигурациялық беттегі атаудың «Принтерді орнату» утилитасы немесе «Баспа & факсы» тізіміндегі өнім атауына сәйкес келуін тексеріңіз. |
| Интерфейс кабелі ақаулы немесе сапасы төмен болуы мүмкін. | Кабельді жоғары сапалы кабельге ауыстырыңыз. |

**Принтердің драйвері «Принтерді орнату» утилитасы немесе «Баспа & факсы» тізімінен таңдалған өнімді автоматты түрде орнатпайды.**

| Себеп | Шешім |
|---|---|
| Өнім дайын болмауы мүмкін. | Кабельдер мен өнімнің дұрыс қосылғанына және дайын шамының жанғанына көз жеткізіңіз. |
| Өнімнің бағдарламалық құралы орнатылмаған болар немесе дұрыс орнатылмаған. | Өнімнің .PPD файлының төмендегі қатты диск папкасында екеніне көз жеткізіңіз:<br>• **Mac OS X v10.4:** Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj, мұндағы <lang> пайдаланылатын тілге арналған екі әріпті код болып табылады.<br>• **Mac OS X v10.5 және v10.6:** Library/Printers/PPDs/Contents/Resources<br>Қажет болса, бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. |
| PostScript Принтер ерекшелігі (PPD) файлында ақаулық бар. | Төмендегі қатты диск папкасынан GZ файлын жойыңыз:<br>• **Mac OS X v10.4:** Library/Printers/PPDs/Contents/Resources/<lang>.lproj, мұндағы <lang> пайдаланылатын тілге арналған екі әріпті код болып табылады.<br>• **Mac OS X v10.5 және v10.6:** Library/Printers/PPDs/Contents/Resources<br>Бағдарламалық жасақтаманы қайта орнатыңыз. Нұсқаулықтарды алғашқы іске қосу жөніндегі нұсқаулықтан қараңыз. |
| Интерфейс кабелі ақаулы немесе сапасы төмен болуы мүмкін. | Кабельді жоғары сапалы кабельге ауыстырыңыз. |

**Баспа тапсырмасы сіз қалаған өнімге жіберілмеген.**

| Себеп | Шешім |
|---|---|
| Баспа кезегі тоқтатылған болуы мүмкін. | Баспа кезегін қайта бастаңыз. **Print monitor** (Баспаны қадағалау) тармағын ашып, **Start Jobs** (Тапсырмаларды бастау) z түймесін басыңыз. |
| Өнімнің дұрыс атауы пайдаланылмауда. Атауы бірдей немесе ұқсас басқа өнім басып шығару тапсырмасын алған болуы мүмкін. | Өнімнің атауын тексеру үшін конфигурациялық бетті басып шығарыңыз. Конфигурациялық беттегі атаудың «Принтерді орнату» утилитасы немесе «Баспа & факсы» тізіміндегі өнім атауына сәйкес келуін тексеріңіз. |

**Үшінші тарап USB картасынан басып шығара алмайсыз.**

| Себеп | Шешім |
|---|---|
| Бұл қателік USB өнімдерінің бағдарламалық құралы орнатылмаған кезде орын алады. | Үшінші тарап USB картасын қосқан кезде Apple USB Адаптер картасын қолдау бағдарламалық құралы қажет болуы мүмкін. Бұл бағдарламалық жасақтаманың ең жаңа нұсқасы Apple веб-торабында бар. |

**USB кабелімен қосылған кезде, драйвер таңдалғаннан кейін, өнім «Принтерді орнату» утилитасы немесе «Баспа & факсы» тізіміне шықпайды.**

| Себеп | Шешім |
|---|---|
| Бұл ақаулық бағдарламалық құралдың немесе аппараттық құралдың құрамдасының әсерінен туындады. | **Бағдарламалық құралдың ақауларын жою**<br>● Сіздің Macintosh жүйеңіз USB мүмкіндігін қолдайтынын анықтаңыз.<br>● Macintosh операциялық жүйесінің Mac OS X v10.4 немесе одан кейінгі екендігіне көз жеткізіңіз.<br>● Macintosh жүйеңізде тиісті Apple компаниясының USB бағдарламалық құралы бар екенін тексеріңіз.<br>**Аппараттық құралдың ақауларын жою**<br>● Өнімнің қосулы екенін тексеріңіз.<br>● USB кабелінің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.<br>● Тиісті жоғары жылдамдықты USB кабелін пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз.<br>● Тізбектен қуат алатын USB құрылғыларының тым көп емес екенін тексеріңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді тікелей хост компьютеріндегі USB портына қосыңыз.<br>● Екіден артық қуатсыз USB хабтарының тізбекте бір қатармен қосылғанын тексеріңіз. Барлық құрылғыларды тізбектен ажыратып, кабельді хост компьютердегі USB портына тікелей жалғаңыз.<br>**ЕСКЕРІМ:** iMac пернетақтасы қуатсыз USB хабы болып табылады. |

# а Жабдықтар мен қосымша керек-жарақтар


- Бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру
- Бөлшектердің нөмірлері

# Бөлшектерге, керек-жарақтарға және жабдықтарға тапсырыс беру

| | |
|---|---|
| Жабдықтар мен қағазға тапсырыс беру | www.hp.com/go/suresupply |
| Шынайы HP бөлшектеріне не керек-жарақтарына тапсырыс беру | www.hp.com/buy/parts |
| Қызмет көрсету орталығы немесе қолдау көрсетуші провайдерлер арқылы тапсырыс беру | HP өкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе қолдау көрсетуші провайдермен хабарласыңыз. |
| HP бағдарламалық құралы арқылы тапсырыс беру | Енгізілген веб-сервер бөлімдері 59-бетте |

# Бөлшектердің нөмірлері

Керек-жарақтардың төмендегі тізімі басып шығару уақытында берілген. Тапсырыс беру туралы ақпарат және керек-жарақтардың болуы өнімді пайдалану мерзімінде өзгеруі мүмкін.

## Парақтармен жұмыс істейтін құралдар

| Тармақ | Сипаттамасы | Бөлшектердің нөмірі |
|---|---|---|
| Желімді білік | Негізгі кіріс науасының желімді білігі | RL1-1497-000CN |
| Ажырату тақтасының жинағы | Негізгі кіріс науасының ажырату тақтасы | RM1-4227-000CN |

## Баспа картридждері

| Тармақ | Сипаттамасы | Бөлшектердің нөмірі |
|---|---|---|
| HP LaserJet баспа картриджі | Стандартты қара түс картриджі: | Баспа картриджіндегі бөлшек нөмірін анықтау үшін төмендегілердің біреуін қараңыз.<br>• Баспа картриджі<br>• Жабдықтар күйі беті<br>• Анықтама шарлау беті<br>• Енгізілген веб-сервер бетінің **Ақпарат** жиекбелгісіндегі **Жабдықтар күйі сілтемесі** немесе **Жабдықтар туралы мәліметтер** түймесін басыңыз.<br>• www.hp.com/post-embed/ordersupplies-na сайтына өтіңіз. |

## Кабельдер мен интерфейстер

| Тармақ | Сипаттамасы | Бөлшектердің нөмірі |
|---|---|---|
| USB кабелі | 2-метр A-мен-B үлгісіндегі кабель | 8121-0868 |

# ә Қызмет және қолдау


- Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі
- HP компаниясының Жоғары қорғау кепілдігі: LaserJet баспа картриджіне шектеулі кепілдік беру туралы мәлімдемесі
- Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі
- Пайдаланушының орындайтын жөндеудің кепілдік қызметі
- Тұтынушыларды қолдау
- Өнімді қайта орамау

# Hewlett-Packard компаниясының шектеулі кепілдік туралы мәлімдемесі

| HP ӨНІМІ | ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК МЕРЗІМІ |
|---|---|
| HP LaserJet Professional P1566, P1606dn | Сатып алған күннен бастап бір жыл |

HP компаниясы сізге, соңғы пайдаланушыға сатып алынған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP аппараттық құралдары мен керек-жарақтарының материалдары мен дайындалу сапасы жағынан ақаулы еместігіне кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP ақаулы болып шыққан өнімдерді өз ұйғарымына сәйкес жөндеп немесе ауыстырып береді. Ауыстырылған өнімдер жаңа немесе жаңа өнімдер сияқты жұмыс істейтін болуы мүмкін.

HP компаниясы сізге сатып алынған күнен бастап жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде HP бағдарламалық құралының дұрыс орнатылған немесе пайдаланылған кезде материалдары мен дайындалу сапасындағы ақаулықтарға байланысты бағдарламалау нұсқауларын орындамай қоймайтынына кепілдік береді. Егер HP компаниясы кепілдік мерзімі ішінде осындай ақаулықтар туралы хабар алса, HP компаниясы осындай ақаулықтардың салдарынан бағдарламалау нұсқауларын орындамаған бағдарламалық құралды ауыстырып береді.

HP компаниясы HP өнімдерінің үздіксіз және қатесіз жұмыс істейтініне кепілдік бермейді. Егер HP компаниясы қажетті мерзімде кепілдіктегі шартқа байланысты өнімін жөндеп немесе ауыстырып бере алмаса, сіз өнімді қайтарысымен оның құнын қайтарып алуға құқылысыз.

HP өнімдерінің құрамында жұмысы жағынан жаңасымен тең зауытта қалпына келтірілген бөлшектердің болуы мүмкін немесе олар қосымша пайдаланған болуы мүмкін.

Кепілдік (а) дұрыс немесе талаптарға сәйкес жөндемеу немесе тексеру, (ә) HP компаниясының бағдарламалық құралын, интерфейсін немесе қосалқы бөлшектерін пайдаланбау, (б) рұқсатсыз өзгерту немесе дұрыс пайдаланбау, (в) өнімді қоршаған орта талаптарына сәйкес пайдаланбау немесе (г) тиісті орында дайындамау немесе жөндемеу нәтижесінде туындаған ақаулықтарды қамтымайды.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН КЕПІЛДІКТЕР ЕРЕКШЕ БОЛЫП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТҮСІНІКТІ НЕМЕСЕ ТҰСПАЛДЫ ТҮРДЕ АЙТЫЛМАЙДЫ. HP КОМПАНИЯСЫ ТАУАРДЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҒЫ, ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ САПА МЕН БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТҰСПАЛДЫ КЕПІЛДІКТЕРДЕН НЕМЕСЕ ШАРТТАРДАН НАҚТЫ ТҮРДЕ БАС ТАРТАДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін. Бұл кепілдік сізге нақты заңды құқықтар береді және елге/аймаққа, штатқа немесе облысқа қарай сіздің басқа да құқықтарыңыздың болуы мүмкін.

HP компаниясының шектеулі кепілдігі HP компаниясының осы өнімге қолдау көрсететін және HP компаниясы осы өнімді сататын кез келген елде/аймақта немесе мекенде жарамды. Сіздегі кепілдік қызметінің деңгейі жергілікті стандарттарға сәйкес өзгеруі мүмкін. HP компаниясы

заңдық немесе реттеуші себептері бойынша жұмыс істеуге қабілетісіз елде/аймақта өнімді пайдалану үшін оның пішінін, мақсатын немесе функциясын өзгертпейді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ШАРАЛАР БОЙЫНША БҰЛ КЕПІЛДІК МӘЛІМДЕМЕСІНДЕ АТАЛҒАН ӨТЕМАҚЫЛАР ТЕК СІЗГЕ ТӨЛЕНЕТІН ӨТЕМАҚЫЛАР БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДАН БӨЛЕК ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА HP КОМПАНИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЕТКІЗУШІЛЕРІ КЕЛІСІМ ШАРТТЫ, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫН НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРДЫ НЕГІЗГЕ АЛА ОТЫРЫП, ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ӘДЕЙІ, БАЙҚАУСЫЗДА, ЖАНАМА ЗАҚЫМ (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖОҒАЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТ) НЕМЕСЕ БАСҚА ЗАҚЫМ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТПАЙДЫ. Кейбір елдер/аймақтар, штаттар немесе облыстар тұспалды кепілдіктің ұзақтығын шектеуге рұқсат бермейді, сондықтан жоғарыда айтылған шектеу немесе ерекшелік сізге қатысты болмауы мүмкін.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ШАРАЛАРДАН БӨЛЕК, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗҒА ТЫЙЫМ САЛМАЙДЫ, ОЛАРДЫ ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

# HP компаниясының Жоғары қорғау кепілдігі: LaserJet баспа картриджіне шектеулі кепілдік беру туралы мәлімдемесі

Осы HP баспа картриджіне оның материалдарының және өндірістік ақаулықтарының жоқтығына кепілдік беріледі.

Осы кепілдікпен (a) қайтадан толтырылған, жаңартылған, қалпына келтірілген немесе тағы басқа жолмен қолдан жасалған, (b) дұрыс пайдаланбаудан, дұрыс сақтамаудан немесе принтер үшін жарияланған талаптарға сай келмейтін ортада пайдаланудан шыққан проблемалары болған немесе (c) әдеттегідей пайдаланудан соң тозып калған картридждер қамтылмайды.

Кепілдік қызметін алу үшін, өнімді сатып алған жерге қайтарыңыз (проблеманың жазбаша түсіндірмесімен және қағазға басып шығарылған беттердің үлгілерімен бірге) немесе HP Тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз. HP өз ұйғарымы бойынша ақаулы болып шыққан өнімдерді ауыстырып береді немесе олардың құнын кайтарып береді.

ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢМЕН РҰҚСАТ БЕРІЛГЕН ДӘРЕЖЕДЕ ЖОҒАРЫДА БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІКТЕР ЖАЛҒЫЗ ДЕП САНАЛАДЫ ЖӘНЕ ЕШБІР БАСҚА ЖАЗБАША НЕМЕСЕ АУЫЗША КЕПІЛДІК НЕМЕСЕ ШАРТ ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ТҮРДЕ БЕРІЛМЕЙДІ. HP КОМПАНИЯСЫ ӘСІРЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ТАУАРЛЫҚ КҮЙ, ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ САПА ЖӘНЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕПІЛДІКТЕР МЕН ШАРТТАРДЫ МОЙЫНДАУДАН БАС ТАРТАДЫ.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ЖАҒДАЙЛАРДЫ КОСПАҒАНДА, HP НЕМЕСЕ ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАУШЫЛАРЫ ЕШҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА ЖОҒАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР ҮШІН НЕМЕСЕ ТІКЕЛЕЙ, ЕРЕКШЕ, КЕЗДЕЙСОҚ, ЖАНАМА ЗИЯН (СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖІБЕРІП АЛҒАН ПАЙДА НЕМЕСЕ МӘЛІМЕТТЕР) ҮШІН НЕМЕСЕ БАСҚА ЗИЯН ҮШІН ОЛАРДЫҢ КЕЛІСІМ-ШАРТТАН, АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ БҰЗЫЛҒАНЫНАН НЕМЕСЕ БАСҚА ЖОЛМЕН ШЫҚҚАНЫНА ҚАРАМАСТАН ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨТЕРМЕЙДІ.

БҰЛ МӘЛІМДЕМЕДЕ БЕРІЛГЕН КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ, ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДӘРЕЖЕНІ ҚОСПАҒАНДА, БҰЛ ӨНІМДІ СІЗГЕ САТУҒА ҚАТЫСТЫ МІНДЕТТІ, ЗАҢДА БЕЛГІЛЕНГЕН ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗДЫ ЖОЙМАЙДЫ, ШЕКТЕМЕЙДІ НЕМЕСЕ ӨЗГЕРТПЕЙДІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТОЛЫҚТЫРЫП ТҰРАДЫ.

# Соңғы Пайдаланушының Лицензиялық Келісімі

